**Кеден одағының "Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы тракторлары мен олардың тіркемелерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентіне (КО ТР 031/2012 ) өзгерістер енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 29 қазандағы № 127 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 52-бабына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне №1 қосымшаның 29-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 20 шілдедегі № 60 шешімімен қабылданған Кеден одағының "Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы тракторлары мен олардың тіркемелерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентіне (КО ТР 031/2012) өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 180 күн өткен соң күшіне енеді.

**Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:**

| Армения Республикасынан | Беларусь Республикасынан | Қазақстан Республикасынан | Қырғыз Республикасынан | Ресей Федерациясынан |
| --- | --- | --- | --- | --- |
| М. Григорян | И. Петришенко | А. Смайылов | А. Кожошев | А. Оверчук |

Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің
2021 жылғы 29 қазандағы
№ 127 шешіміне
ҚОСЫМША

**Кеден одағының "Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы тракторлары мен олардың тіркемелерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентіне (КО ТР 031/2012) енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР**

1. Мәтін бойынша тиісті септіктегі "осы Кеден одағының техникалық регламенті" деген сөздер тиісті септіктегі "осы техникалық регламент" деген сөздермен ауыстырылсын, тиісті септіктегі "Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағы" деген сөздер тиісті септіктегі "Одақтың кедендік аумағы" деген сөздермен ауыстырылсын, тиісті септіктегі және түрдегі "Кеден одағына мүше мемлекет" деген сөздер тиісті септіктегі және түрдегі "мүше мемлекет" деген сөздермен ауыстырылсын, тиісті септіктегі "БҰҰ ЕЭК қағидалары" деген сөздер тиісті септіктегі "БҰҰ қағидалары" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Кіріспедегі:

а) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы техникалық регламент Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) кедендік аумағында ауыл шаруашылығының және орман шаруашылығының дөңгелекті және шынжыр табанды тракторлары мен олардың тіркемелеріне қолдану және орындау үшін міндетті бірыңғай талаптарды белгілеу, Одақтың кедендік аумағына айналымға шығарылатын ауыл шаруашылығының және орман шаруашылығының дөңгелекті және шынжыр табанды тракторлары мен олардың тіркемелерінің еркін өткізілуін қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.";

б) 3-тармақтағы "Кеден одағының техникалық регламенттері" деген сөздер " Одақтың техникалық регламенттері" деген сөздермен ауыстырылсын, "Кеден одағының техникалық регламенттерінің" деген сөздер "Одақтың техникалық регламенттерінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы техникалық регламент:

шағын габаритті тракторлар мен олардың тіркемелеріне;

арнайы мақсаттағы тіркемелерге;

тіркемелердің шассиіне;

осы техникалық регламент күшіне енгенге дейін және Одақтың кедендік аумағында пайдалануда болған Одақтың кедендік аумағына айналымға шығарылған тракторларға, тіркемелерге және компоненттерге қолданылмайды.".

4. 2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бап. Анықтамалар

Осы техникалық регламентті қолдану мақсаттары үшін төмендегілерді білдіретін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

"балластты жүктер" – алдыңғы және (немесе) артқы осьті толық жүктеу үшін тракторға орнатуға арналған жүктер;

"буксирлік құрылғы" – оны буксирмен сүйреу үшін құрылғыларды (штангіні, буксирлік арқанды және т.б.) жалғауды қамтамасыз ететін, трактордың алдында болатын трактор конструкциясының элементі;

"пайдалануға енгізу" – трактордың немесе тіркеменің мақсаты бойынша қолдануға дайындығын көрсететін құжатпен ресімделген оқиға;

"трактордың биіктігі" – антеннаны қоспағанда, тірек беті мен тірек бетінен барынша алыс қашықтықта тұратын трактор нүктесінің арасындағы тігінен өлшенген қашықтық. Биіктікті айқындау кезінде трактор дайындаушы белгілеген ең үлкен статикалық радиусы бар жаңа шиналармен жабдықталуға тиіс;

"қос отынды қозғалтқыш" – бір мезгілде дизель және газ тәріздес отынмен жұмыс істеуге арналған қозғалтқыш, әрі отынның бір түрінің екіншісіне қатысы бойынша

тұтынылатын мөлшері қозғалтқыштың жұмыс режиміне және типіне қарай өзгеріп отыруы мүмкін;

"трактордың ұзындығы" – барлық айналарын, іске қосу тұтқаларын, алдыңғы және бүйірлік габариттік шамдарын қоспағанда, трактордың бойлық осіне перпендикуляр тік жазықтықтар мен ол арқылы өтетін шеткі нүктелерінің арасындағы көлденеңімен өлшенген қашықтық;

"буксирге алуға жол берілетін масса" – трактор сүйрей алатын масса. Буксирге алуға жол берілетін масса буксирге алынатын бір немесе бірнеше тіркеменің массасын, ауыл шаруашылығы немесе орман шаруашылығы машиналарының массасын қамтуы мүмкін;

"дайындаушы" – өзінің атынан тракторды, тіркемені немесе компонентті жасауды және сатуды жүзеге асыратын және оның осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігі үшін жауап беретін дара кәсіпкер ретінде тіркелген заңды тұлға немесе жеке тұлға;

"трактордың (тіркеменің) санаты" – осы техникалық регламентте оған қойылатын талаптарды белгілеу мақсатында қолданылатын трактордың (тіркеменің) сипаттамасы;

"компонент" – құрастыру өндірісіне және (немесе) пайдаланымдағы трактор немесе тіркеме үшін алмастыру (қосалқы) бөлшектер ретінде жеткізілетін трактордың немесе тіркеменің құрамдас бөлігі;

"орман шаруашылығы тракторы" – орманды қалпына келтіру және орманды күту бойынша технологиялық жұмыстарды орындауға арналған трактор;

"трактордың ең жоғары есептік жылдамдығы" – қозғалтқыштың иінді білігінің номиналдық айналым жиілігінің, трансмиссияның ең төменгі берілісі қатынасының және буксирдің болмауы көрсеткіштері бойынша есептелген жылдамдық;

"шағын габаритті трактор" – шағын контурлы учаскелерде, мөлдектерде, террасаларда, фермаларда, бақтарда, саябақ және коммуналдық шаруашылықтарда ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы жұмыстарын орындауға арналған қозғалтқышының қуаты 19 кВт дейінгі трактор;

"трактордың, тіркеменің немесе компоненттің нарықтағы айналымы" – өтеусіз немесе өтеулі негіздегі коммерциялық қызметтің барысында Одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарында қолдану мақсатында олар жеткізілгеннен немесе әкелінгеннен кейін (оның ішінде дайындаушының қоймасынан жөнелтілгеннен немесе қоймаға қоймай жөнелткеннен кейін) трактордың, тіркеменің немесе компоненттің дайындаушыдан сатып алушыға (тұтынушыға) қозғалысының процестері;

"тіркеме" – әртүрлі, оның ішінде ауыл шаруашылығы немесе орман шаруашылығы мақсатындағы жүктерді тасымалдауға арналған тракторға тіркелетін көлік құралы;

Тіркемелерге тік жүктемесінің бір бөлігі сүйреткіш тракторға берілетін тіркемелер де (жартылай тіркемелер) жатады;

"арнайы мақсаттағы тіркеме" – мынадай бір немесе бірнеше шарттарға сәйкес келетін тіркеме:

тіркеме дайындаушы көздеген жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қосымша шараларынсыз жол қозғалысына қатысуға арналмаған;

тіркеме тіркеменің шассиінен және жүктердің белгілі бір түрлерін ғана тасымалдауды қамтамасыз ететін алынып-салынбайтын арнайы жабдықтан тұрады ( шөптің және сабанның рулондары мен теңдерін тасымалдауға арналған ашық платформалар, жануарларды, құсты, сүрлемдік және пішендемелік массаны және т.б. тасымалдауға арналған тіркемелер);

тіркемеге белгілі бір технологиялық процестер мен операцияларды орындауға арналған тиеу-түсіру және (немесе) арнайы жабдық (мысалы, дербес рубилкалар) орнатылған. Бұл ретте бір мезгілде немесе қосымша жүк тасымалдау жөніндегі жұмыстар орындалуы мүмкін (таңайтқыштар енгізуге арналған тіркемелер, ағаш таситын тіркемелер және т.б.)

Арнайы мақсаттағы тіркемелерге көрсетілген шарттардың біріне немесе бірнешеуіне сәйкес келетін тіркемелер де жатады және бұл ретте:

тік жүктемесінің бір бөлігі сүйреткіш тракторға беріледі (арнайы мақсаттағы жартылай тіркемелер);

габариттік мөлшерлері 5-қосымшаның 8.1.2-тармақшасында белгіленген мөлшерден асады;

"шинаның тербелу радиусы" – дөңгелектің ілгерілемелі жылдамдығының бойлық компонентінің оның бұрыштық жылдамдығына қатынасы;

"самосвал тіркеме" – бір немесе екі жағына және артқа немесе артқа ғана түсіру кезінде платформаның көтерілуін және еңкейуін қамтамасыз ететін механизммен жабдықталған тіркеме;

"ауыл шаруашылығы тракторы" – өсімдік шаруашылығында және (немесе) мал шаруашылығында технологиялық жұмыстарды атқаруға арналған трактор;

"сертификациялық сынақтар" – нәтижелерінің негізінде трактордың, тіркеменің немесе компоненттің осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды жасалатын трактордың, тіркеменің немесе компоненттің типтік үлгісін ( үлгілерін) сынау;

"жарақталған трактордың массасы" – салқындату сұйықтығымен, майлау материалдарымен, отынымен (номиналдық сыйымдылықтың кемінде 90%-ы толтырылған бак), құрал жабдығымен және операторымен бірге аударылу кезіндегі қорғау құрылғысын қоса алғанда, балластсыз, жұмыс жағдайындағы трактордың массасы;

"бекіту схемасы" – тасымалдау кезінде жүк көтергіш жабдықты жалғау жүзеге асырылатын схема;

"техникалық қызмет" – 1958 жылғы 20 наурызда Женевада жасалған Доңғалақты көлік құралдарына, доңғалақты көлік құралдарында орнатылуы және/немесе пайдаланылуы мүмкін жабдықтау заттары мен бөлшектерге арналған бірыңғай техникалық нұсқамаларды қабылдау туралы және осы нұсқамалардың негізінде берілетін ресми бекітулерді өзара мойындау шарттары туралы келісімнің (бұдан әрі – 1958 жылғы келісім) шеңберінде көлік құралдарының типін ресми бекіту үшін сынақтар жүргізу жөніндегі уәкілетті ұйым;

"техникалық жағынан жол берілетін буксирлеу массасы" – тракторды дайындаушы белгілеген трактор сүйрете алатын ең жоғары масса;

"трактордың жол берілетін техникалық ең жоғары массасы" – шиналардың жүк көтерімділігіне, трактор элементтерінің конструкциялық сипаттамаларына және берілген сипаттамалар мен қауіпсіздік көрсеткіштеріне байланысты белгіленген және ең ауыр комплектациядағы трактордың жарақталған (пайдалану) массасын, балласттың номиналдық массасын және номиналдық пайдалы жүктемені қамтитын дайындаушы белгілеген трактордың ең ауыр массасы;

"техникалық сипаттама" – техникалық және конструкциялық сипаттамаларды қамтитын құжат, сондай-ақ сәйкестікті растау мақсатында дайындаушы (дайындаушы өкілеттік берген тұлға) ұсынатын, тракторды немесе тіркемені сәйкестендіруге мүмкіндік беретін өзге де мәліметтер;

"трактордың, тіркеменің немесе компоненттің типі" – бір дайындаушы дайындаған техникалық сипаттамаларда тіркелген бірдей конструкциялық белгілердің жиынтығымен сипатталатын тракторлар, тіркемелер немесе компоненттер. Трактордың , тіркеменің немесе компоненттің типі әртүрлі нұсқалары мен болжамдарды иеленуі мүмкін;

"трактор" – кемінде 2 осі және ең жоғары есептік жылдамдығы кемінде 6 км/сағ болатын, көбінесе тарту күшін пайдаланатын және негізінен машиналар мен жұмыс жабдықтарын сүйретуге, итеруге, тасымалдауға немесе машиналар мен жұмыс жабдығын іске қосуға арналған дөңгелекті немесе шынжыр табанды механикалық көлік құралы;

"трактор пойызы" – трактордан, жартылай тіркемеден және (немесе) бір немесе бірнеше тіркемелерден тұратын жылжымалы құрам;

"тарту-тіркеу құрылғысы (ТТҚ)" – тракторға және тіркемеге орнатылған қосу элементтері олардың арасында механикалық қосылуды қамтамасыз ететін құрылғы;

"дайындаушы өкілеттік берген тұлға" – Одаққа мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен оның аумағында тіркелген, дайындаушымен, оның ішінде шетелдік дайындаушымен жасалған шарттың негізінде трактордың, тіркеменің немесе компоненттің сәйкестігін бағалау және Одақтың кедендік аумағына айналысқа шығару кезінде осы дайындаушының атынан іс-әрекеттерді жүзеге асыратын, сондай-ақ трактордың, тіркеменің немесе компоненттің осы техникалық регламенттің

талаптарына сәйкес келмегені үшін жауапты болатын дара кәсіпкер ретіндегі заңды тұлға немесе жеке тұлға;

"тіркеме шассиі" – тіркеменің оған бір немесе бірнеше құрылғыны:

платформаларды, шанақтарды және басқа да ұқсас құрылғыларды;

технологиялық жабдықты;

жүк көтергіш (тиеу-түсіру) жабдықтарын орнатуға арналған құрамдас бөлігі.

Тіркеменің шассиіне тік жүктеменің бір бөлігі сүйрейтін тракторға (жартылай тіркемелердің шассиі) берілетін тіркемелердің шассиі де жатады;

"трактордың ені" – барлық айналарды, бұрылу көрсеткіштерін, алдыңғы немесе артқы бүйірлік габариттік оттарды, кез келген тұрақ оттарын, трактордың салмағынан туындаған шиналардың деформациясын, алынатын элементтерді қоспағанда, трактордың бойлық осіне параллель және оның шеткі нүктелері арқылы өтетін тік жазықтықтар арасындағы көлденең өлшенген қашықтық. Шығарылатын элементтерге, мысалы, көтергіш басқыштар кіруі мүмкін;

"экологиялық сынып" – зиянды заттар шығарындыларының деңгейіне байланысты қысымнан тұтанатын трактордың немесе іштен жану қозғалтқышының конструкциясын сипаттайтын сыныптау коды.".

5. 3-баптың 2-тармағындағы "Кеден одағына мүше мемлекеттер" деген сөздер " Одаққа мүше мемлекеттер (бұдан әрі – мүше мемлекеттер)" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. 4-бапта:

а) 2-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Тракторлар қозғалтқыштарының пайдаланылған газдарының құрамындағы зиянды заттар шығарындыларының деңгейіне байланысты қысымнан тұтанатын тракторлар мен іштен жану қозғалтқыштарын сыныптау осы техникалық регламентке 3-қосымшада келтірілген.";

б) мынадай мазмұндағы 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

"6. Пайдаланымдағы тракторлар немесе тіркемелер үшін ауыспалы (қосалқы) бөліктер ретінде Одақтың кедендік аумағына айналымға шығарылатын компоненттер тракторға немесе тіркемеге орнату кезінде Одақтың кедендік аумағында тракторды немесе тіркемені айналымға шығару сәтіндегі қауіпсіздік деңгейіне қатысты оның қауіпсіздік деңгейін төмендетпеуге тиіс.

Тракторлардың немесе тіркемелердің компоненттеріне қойылатын қауіпсіздік талаптары және оларды бақылау әдістері осы техникалық регламентке 1-қосымшада келтірілген.

Осы техникалық регламент күшіне енген күнге дейін Одақтың кедендік аумағында айналымға шығарылған немесе осы техникалық регламенттің күшіне енуіне байланысты өндірісі тоқтатылған тракторларға арналған компоненттер ретінде шығарылатын тракторлардың қозғалтқыштарына қойылатын талаптар зиянды

заттардың шығарындылары бөлігінде Одақтың кедендік аумағына айналымға шығарылған немесе оларды өндіру аяқталған сәтте қолданыста болған деңгейде сақталады.

7. БҰҰ қағидаларына сәйкес тракторларға, тіркемелерге және компоненттерге қойылатын қауіпсіздік талаптары олардың қолданылу саласына сәйкес және БҰҰ қағидаларында белгіленген өтпелі ережелер ескеріле отырып қолданылады.

Неғұрлым жоғары экологиялық сыныптағы тракторлар мен қозғалтқыштарға қойылатын талаптарды осы техникалық регламентте белгіленген мерзімдерден бұрын қолдануға, сондай-ақ осы техникалық регламентте көрсетілгеннен гөрі БҰҰ ережелеріне түзетулердің неғұрлым кейінгі серияларының талаптарын қолдануға жол беріледі.".

7. 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Сәйкестікті растау

1. Одақтың кедендік аумағында айналымға шығару алдында тракторлар, тіркемелер және компоненттер осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін растаудан өтуге тиіс.

Сәйкестікті растау Қазақстан Республикасының осы бапқа және Еуразиялық экономикалық комиссия бекітетін сәйкестікті бағалаудың үлгілік схемалары негізінде, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2018 жылғы 18 сәуірдегі № 44 шешімімен бекітілген сәйкестікті бағалаудың үлгілік схемаларының 5-тармағы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Осы техникалық регламенттің талаптары қолданылатын және сәйкестігін растау тракторлардан және тіркемелерден жеке жүргізілетін тракторлар немесе тіркемелер компоненттерінің тізбесі осы техникалық регламентке 1-қосымшада келтірілген.

Осы техникалық регламентке 1-қосымшада көрсетілген жеке құрастыру өндірісі үшін тракторлар мен тіркемелерді дайындаушылар өндіретін немесе құрастыру өндірісіне жеткізілетін тракторлар мен тіркемелер үшін сәйкестікті растауды жүргізбеуге болады. Бұл ретте тракторлар мен тіркемелерді дайындаушыда осы құрамдастарға Одақтың сәйкестігін бағалау жөніндегі органдарының бірыңғай тізіліміне енгізілген аккредиттелген сынақ зертханасы (орталығы) (бұдан әрі – аккредиттелген сынақ зертханасы (орталығы)) берген сынақ хаттамалары немесе 1958 жылғы Келісімге сәйкес берілген БҰҰ қағидалары бойынша типін ресми бекітуге қатысты хабарламалар (бұдан әрі – типін ресми бекіту туралы хабарламалар) немесе осы техникалық регламенттің жекелеген талаптарына сәйкестік сертификаттары болуға тиіс.

Тракторлар мен тіркемелерді сертификаттық сынау аккредиттелген сынақ зертханасы (орталығы) берген сынақ хаттамалары немесе типін ресми бекіту туралы хабарламалар немесе осы техникалық регламентке 1-қосымшада көрсетілген компоненттерге сәйкестік сертификаттары болған кезде ғана жүргізіледі.

Техникалық сипаттамаға енгізілген нұсқалар мен болжамдарды (бар болса) біріктіретін бір үлгідегі тракторлар мен тіркемелерге бір сәйкестік сертификаты ресімделеді. Техникалық сипаттама нысандары осы техникалық регламентке 2-қосымшада келтірілген.

Жарықтандыру және жарық сигнал аспаптары сияқты компоненттерге жарық шамдарының әртүрлі функционалдық топтарына бір сәйкестік сертификатын ресімдеуге рұқсат етіледі.

2. Тракторлар, тіркемелер немесе компоненттер сертификаттау нысанында (1с, 2с, 3с, 4с схемалары) сәйкестігін растауға жатады.

3. Тракторларды, тіркемелерді немесе сериялы шығарылатын компоненттерді сертификаттау 1с немесе 2с схемасы бойынша жүзеге асырылады. Тракторларды, тіркемелерді немесе компоненттерді сертификаттау үшін дайындаушы (дайындаушы уәкілеттік берген тұлға) ұсынады.

Тракторлардың, тіркемелердің немесе компоненттердің партиясын 3с схемасы бойынша, бір бұйымды сертификаттау – 4С схемасы бойынша жүзеге асырылады. Одақтың кедендік аумағында дайындалған тракторлардың, тіркемелердің немесе компоненттердің партиясын (дара бұйымды) дайындаушы (дайындаушы уәкілеттік берген тұлға), одақтың кедендік аумағына әкелінетін тракторлардың, тіркемелердің немесе компоненттердің партиясын (дара бұйымды) сатушы немесе дайындаушы ( дайындаушы уәкілеттік берген тұлға) ұсынады.

4. Тракторларды, тіркемелерді немесе компоненттерді сертификаттауды Одақтың сәйкестігін бағалау жөніндегі органдарының бірыңғай тізіліміне енгізілген сәйкестікті бағалау жөніндегі аккредиттелген орган (оның ішінде сертификаттау жөніндегі орган) ( бұдан әрі - сертификаттау жөніндегі орган) жүзеге асырады.

Сертификаттау мақсатындағы сынақтарды аккредиттелген сынақ зертханасы ( орталығы) жүргізеді.

БҰҰ ережелеріне сәйкес тракторларға, тіркемелерге немесе компоненттерге қойылатын қауіпсіздік талаптарына қатысты сертификаттау жүргізу кезінде типін ресми бекіту туралы хабарламаларды қолдануға жол беріледі.

5. Тракторларды, тіркемелерді немесе компоненттерді сертификаттауды жүргізу кезінде (1с, 2с, 3с, 4с схемалары):

5.1. дайындаушы (дайындаушы уәкілеттік берген тұлға), сатушы сертификаттау жөніндегі органға тракторларға, тіркемелерге немесе компоненттерге олардың осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар жиынтығын ұсынады, оған мыналар кіреді:

трактордың немесе тіркеменің техникалық сипаттамасы (тракторды немесе тіркемені сертификаттау кезінде);

компонентке тұтастай техникалық құжаттама (конструкторлық, технологиялық немесе пайдалану құжаттамасы (бар болса)) (компоненттерді сертификаттау кезінде);

трактордың немесе тіркеменің пайдалану құжаттары (тракторды немесе тіркемені сертификаттау кезінде);

сапа менеджменті жүйесінің сәйкестік сертификатының көшірмесі (2с схемасы);

сапа менеджменті жүйесінің соңғы аудиті актісінің көшірмесі (2с схемасы);

тракторлардың, тіркемелердің немесе компоненттердің партиясын (дара бұйымды) сәйкестендіруді қамтамасыз ететін мәліметтерді қамтитын тракторлардың, тіркемелердің немесе компоненттердің тауарға ілеспе құжаттамасы (партия үшін (дара бұйым) (оның ішінде саны, сәйкестендіру (сериялық) нөмірлері) (3с, 4с-схемалар);

Одақтың кедендік аумағына жеткізілетін өнімнің осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуді және мұндай өнімнің көрсетілген талаптарға сәйкес келмегені үшін жауапкершілікті көздейтін дайындаушымен (оның ішінде шетелдік дайындаушымен) жасалған шарттың көшірмесі (дайындаушы уәкілеттік берген тұлға үшін);

мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес заңды тұлғаны немесе жеке тұлғаны дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу кезінде берілетін өтініш берушінің тіркеу немесе есепке алу (жеке, сәйкестендіру) нөмірі туралы мәліметтер.

Көрсетілген құжаттар жиынтығына мыналар кіруі мүмкін:

а) аккредиттелген сынақ зертханасы (орталығы) берген осы техникалық регламентке 4-қосымшаның 4.1 және 4.2-кестелері бойынша жекелеген талаптарға ( тракторлар мен тіркемелер үшін) және осы техникалық регламентке 1-қосымшада келтірілген компоненттерге қойылатын талаптарға қатысты сынақ хаттамалары. Бұл ретте көрсетілген сынақ хаттамаларын, оның ішінде бұған дейін олардың негізінде өзге де сәйкестік сертификаттары берілген хаттамаларды ұсынуға мынадай шарттар сақталған кезде жол беріледі:

аккредиттелген сынақ зертханасы (орталығы) сынақ хаттамасын бекіткен күннен бастап 5 жылдан аспайтын уақыт өтті;

ұсынылған сынақ хаттамасы мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жарамсыз деп танылмады;

нәтижелері бойынша сынақ хаттамасы берілген сынақтарды жүргізу үшін үлгілерді іріктеуді сертификаттау жөніндегі орган жүргізді;

сыналған үлгі сертификаттауды жүргізу үшін мәлімделген өнімдер үшін типтік болып табылады;

тракторлардың, тіркемелердің немесе компоненттердің конструкциясында олардың қауіпсіздігіне әсер ететін өзгерістер жоқ;

аккредиттелген сынақ зертханасы (орталығы) сынақтар хаттамасын бекіткен күннен бастап осы техникалық регламентте белгіленген және сынақтар шеңберінде сәйкестікті бағалау жүргізілген қауіпсіздік талаптары мен оларды бақылау әдістерінің (оның ішінде БҰҰ стандарттарында немесе қағидаларында көрсетілген) өзгерістері болған жоқ;

мүше мемлекеттің осы техникалық регламент талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыру жөніндегі органы белгілеген, типтік үлгілерінің сынақтары сынақ хаттамасымен расталған тракторларды, тіркемелерді немесе компоненттерді Одақтың кедендік аумағына айналымға шығару кезінде дайындаушының осы техникалық регламент талаптарын сақтамау жағдайлары болған жоқ;

б) типті ресми бекіту туралы хабарлама. Дайындаушы (дайындаушы уәкілеттік берген тұлға) куәландырған, қағаз жеткізгіште орындалған типін ресми бекіту туралы хабарламалардың көшірмелерін ұсынуға жол беріледі. Ағылшын немесе француз тілдеріндегі типін ресми бекіту туралы хабарламаларды орыс тіліне аудару талап етілмейді;

в) осы техникалық регламенттің жекелеген талаптарына сәйкестік сертификаттары;

5.2. дайындаушы өндіріс процесінің тұрақты болуы және өндірілетін тракторлардың , тіркемелердің немесе компоненттердің осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды;

5.3. аккредиттелген сынақ зертханасы (орталығы) берген сынақ хаттамалары немесе типін ресми бекіту туралы хабарламалар ұсынылған талаптарға қатысты сынақтар жүргізілмейді;

5.4. сертификаттау жөніндегі орган:

5.4.1. сәйкестікті растауға арналған өтінімді қарайды және сертификаттауды жүргізу мүмкіндігі туралы шешім қабылдайды. Шешімде мыналар:

ұсынылған құжаттарды қолдану мүмкіндігі және жеткіліктілігі;

жетіспейтін дәлелдемелік материалдарды алу мақсатында сынақтар жүргізу қажеттілігі;

өндірістің жай-күйіне талдау жүргізудің қажеттілігі мен мерзімдері көрсетіледі.

Егер сәйкестікті растау осы техникалық регламентке 1-қосымшада келтірілген БҰҰ қағидаларында көзделген тракторлар мен тіркемелердің компоненттері үшін дәлелдемелік материалдар ретінде типін ресми бекіту туралы хабарламалар ұсынылса, сертификаттау жөніндегі орган компоненттерді сәйкестендіруді жүргізгеннен кейін осы тармақтың 5.4.2 – 5.4.5-тармақшаларында көрсетілген жұмыстарды жүргізбестен типін ресми бекіту туралы ұсынылған хабарлама негізінде осы тармақтың 5.4.6-тармақшасына сәйкес сәйкестік сертификатын береді. Сәйкестік сертификатында сертификаттау схемасының орнына "с" әрпі көрсетіледі;

5.4.2. жетіспейтін дәлелдемелік материалдарды алу мақсатында:

осы техникалық регламенттің 1-бабында белгіленген белгілерге, осы техникалық регламенттің 4-бабында белгіленген ережелерге және осы тармақтың 5.1-тармақшасында көрсетілген құжаттарға олардың сипаттамаларының ұқсастығын белгілеу арқылы тракторлардың, тіркемелердің немесе компоненттердің үлгісін ( үлгілерін) іріктеуді жүзеге асырады және оларды сәйкестендіруді жүргізеді;

осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігіне сынақтар жүргізу үшін трактордың, тіркеменің немесе компоненттің үлгісін (үлгілерін) аккредиттелген сынақ зертханасына (орталығына) жібереді;

5.4.3. өндірістің жай-күйіне талдау жүргізеді (1с схемасы). Өндірістің жай-күйіне талдау жүргізу кезінде тексеру объектілері:

техникалық құжаттама (жобалық және (немесе) конструкторлық, және (немесе) өнімге технологиялық және (немесе) пайдалану);

Одақтың кедендік аумағында айналымға шығарылатын өнімнің осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігіне әсер ететін жұмысты орындайтын персоналдың құзыреттілігі;

өндіріс инфрақұрылымы (дайындаушы аумағында орналасқан және өндірісті ұйымдастыру үшін қажетті объектілер жиынтығы (өндірістік үй-жайлар, көлік және т. б.));

жабдық (технологиялық жарақтандыру құралдары), сондай-ақ оған техникалық қызмет көрсету және жөндеу;

бақылау, өлшеу және сынау жабдықтарын басқару;

өнімнің осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қажетті өлшеу құралдары;

сертификатталатын өнімнің (шикізат, материалдар, жинақтаушы бұйымдар) қауіпсіздік көрсеткіштеріне әсер ететін сатып алынған өнімді кірістік бақылау;

осы техникалық регламентте міндетті талаптар белгіленген сипаттамаларды бақылауға байланысты дайын өнімді қабылдаулық бақылау және кезеңдік сынау;

дайын өнімді таңбалау, оны сақтау, буып-түю және консервациялау шарттары;

тұтынушымен өзара іс-қимыл жасау (оның ішінде осы дайындаушының өніміне шағымдарды және рекламацияларды қарау);

өнімді сәйкестендіру және оның қадағалануы;

түзету және алдын алу іс-шаралары болып табылады;

5.4.4. тракторларды, тіркемелерді немесе компоненттерді өндіру немесе әзірлеу және өндіру сапасының сертификатталған менеджмент жүйесінің осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкес келетін сертификатталатын тракторларды, тіркемелерді немесе компоненттерді тұрақты шығаруды қамтамасыз ету мүмкіндігін бағалайды (2с схемасы);

5.4.5. осы тармақтың 5.4.1 – 5.4.4 тармақшаларына және таңдалған сертификаттау схемасына сәйкес сертификаттау бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижелерін қорытындылайды;

1. 5.4.6. осы техникалық регламентке 2-қосымшаның IV бөлімінде белгіленген мәліметтер келтірілген сәйкестік сертификатына қосымшамен бірге Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 293 шешімімен бекітілген бірыңғай нысан бойынша сәйкестік сертификатын береді.

2. Тракторлар, тіркемелер немесе сериялы шығарылатын компоненттер үшін сәйкестік сертификатының қолданылу мерзімі-5 жыл, тракторлардың, тіркемелердің немесе компоненттердің партиясы (дара бұйым) үшін қолданылу мерзімі белгіленбейді және сандық квотамен шектеледі, бұл ретте сәйкестік сертификатында өнім партиясының айырым белгілері – сәйкестендіру нөмірлері, тауарға ілеспе құжаттар туралы мәліметтер немесе осы партияның өзге де белгілері көрсетіледі;

3. 5.5. дайындаушы (дайындаушы уәкілеттік берген тұлға) немесе сатушы:

4. 5.5.1. осы техникалық регламенттің 7-бабында көзделген жағдайларда Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 15 шілдедегі № 711 шешімімен бекітілген тәртіппен мүше мемлекеттер нарығында өнім айналымының бірыңғай белгісімен таңбалауды қамтамасыз етеді;

5. 5.5.2. осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестікті растау аяқталғаннан кейін тракторларға, тіркемелерге немесе компоненттерге арналған құжаттар жиынтығын қалыптастырады, ол мыналарды:

6. осы тармақтың 5.1-тармақшасында көрсетілген құжаттарды;

7. осы тармақтың 5.4.2-тармақшасында көзделген жағдайларда сынақтар хаттамасын (хаттамаларын);

8. сертификаттау схемасында көзделген жағдайларда өндірістің жай-күйін талдау нәтижелерін;

9. сәйкестік сертификатын қамтиды;

10. 5.6. сертификаттау жөніндегі орган жылына бір реттен жиі емес, бірақ екі жылда кемінде бір рет:

11. аккредиттелген сынақ зертханасында (орталығында) үлгіге (үлгілерге) сынақтар жүргізу және (немесе) өндірістің жай-күйін талдау (1с схемасы);

12. аккредиттелген сынақ зертханасында (орталығында) үлгіге (үлгілерге) сынақтар жүргізу және (немесе) сертификатталған сапа менеджменті жүйесінің инспекциялық бақылау нәтижелерін талдау (2с схемасы) арқылы сертификатталған тракторларға, тіркемелерге немесе компоненттерге инспекциялық бақылау жүргізеді.

Ресми типті бекіту туралы хабарламалар негізінде сертификатталған компоненттерге инспекциялық бақылауды сертификаттау жөніндегі орган 1958 жылғы Келісімге қатысушы мемлекеттер уәкілеттік берген техникалық қызметтер жүргізген өндірістердің сәйкестігін бағалау нәтижелерін талдау арқылы және (немесе) компоненттерді сынау арқылы жүзеге асырады;

5.7. сәйкестік сертификаты берілген тракторлардың, тіркемелер мен қозғалтқыштардың конструкциясына немесе оларды өндіру (дайындау) технологиясына өзгерістер енгізу қажеттілігі туындаған кезде немесе трактордың немесе тіркеменің техникалық сипаттамасында көрсетілген ақпарат өзгерген кезде, дайындаушы (дайындаушы уәкілеттік берген тұлға) тракторларды, тіркемелерді және қозғалтқыштарды Одақтың кедендік аумағына айналымға шығару алдында бұл туралы

сәйкестік сертификатын берген сертификаттау жөніндегі органға енгізілген өзгерістердің құрамы мен сипаттамаларын (техникалық сипаттама, конструкторлық құжаттама, сызбалар, ерекшелік және т.б.) растайтын құжаттарды қоса бере отырып жазбаша нысанда хабарлайды.

Дайындаушыдан (дайындаушы уәкілеттік берген тұлғадан) хабарламаны алынған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарды талдау негізінде сертификаттау жөніндегі орган олардың көлемін және (немесе) өндірістің жай-күйін талдауды айқындай отырып (егер өндірістің жай-күйін талдау осындай өнімді сертификаттау схемасында көзделген болса) қосымша сынақтар жүргізу қажеттігі туралы немесе мұндай қажеттіліктің жоқтығы туралы шешім қабылдайды және дайындаушыны (дайындаушы уәкілеттік берген тұлғаны) қабылданған шешім туралы хабардар етеді.

Одақтың кедендік аумағына тракторларды, тіркемелер мен қозғалтқыштарды олардың конструкциясына (құрамына) немесе өндіру (дайындау) технологиясына өзгерістер енгізу кезінде айналымға шығаруға дайындаушы (дайындаушы уәкілеттік берген тұлға) сертификаттау жөніндегі органнан тракторларды, тіркемелер мен қозғалтқыштар өндірісінің жай-күйіне қосымша сынақтар және (немесе) талдау жүргізу қажеттігінің жоқтығы туралы хабарлама алғанға дейін жол берілмейді.

Егер өнімді сертификаттау жөніндегі орган қосымша сынақтар жүргізу және ( немесе) өндірістің жай-күйін талдау қажеттігі туралы шешім қабылдаған жағдайда мұндай шешімді өнімді сертификаттау жөніндегі орган осы тармақшаның екінші абзацында көрсетілген мерзімде дайындаушыға (дайындаушы уәкілеттік берген тұлғаға ) тікелей немесе тапсырысты пошта жөнелтілімімен, салынымының тізімдемесімен және табыс етілгені туралы хабарламамен бірге жібереді.

Қосымша сынақтар жүргізу және (немесе) тракторлар, тіркемелер мен қозғалтқыштар өндірісінің жай-күйіне талдау жүргізу аяқталған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде сертификаттау жөніндегі орган тракторлардың, тіркемелер мен қозғалтқыштардың осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы шешім қабылдайды.

Тракторлардың, тіркемелер мен қозғалтқыштардың осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігі туралы шешімнің негізінде өнімді сертификаттау жөніндегі орган дайындаушыға (дайындаушы уәкілеттік берген тұлғаға) жаңа бланкіде оған жаңа тіркеу нөмірін бере отырып ресімдеу арқылы сәйкестік сертификатына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу мүмкіндігі туралы хабарлама жібереді, бұл ретте ресімделетін сәйкестік сертификатының қолданылу мерзімінің аяқталатын күні ауыстырылатын сәйкестік сертификатының аяқталу күні бойынша белгіленеді. Көрсетілген хабарлама тракторлардың, тіркемелер мен қозғалтқыштардың осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде жіберіледі.

Сәйкестік сертификатының "қосымша ақпарат" бағанында "орнына берілді" ақпараты және одан әрі – алдыңғы сәйкестік сертификатының тіркеу нөмірі мен берілген күні көрсетіледі. Сәйкестік сертификатын берумен бір мезгілде сертификаттау жөніндегі орган берілетін сәйкестік сертификатында көрсетілетін сәйкестік сертификатының қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылдайды.

Қосымша сынақтардың теріс нәтижелері кезінде өнімді сертификаттау жөніндегі орган дайындаушыға (дайындаушы уәкілеттік берген тұлғаға) осы тармақшаның ережелеріне сәйкес сәйкестік сертификатына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуден бас тарту туралы шешімді осындай бас тартудың дәлелді себептерін көрсете отырып береді.

Тракторлар мен тіркемелердің сәйкестігін растаудың қосымша рәсімдерін жүргізу нәтижелері бойынша сертификаттау жөніндегі орган берген құжаттар дәлелдемелік материалдар жиынтығына енгізіледі және олар мүше мемлекеттің осы техникалық регламент талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыру жөніндегі органдарына ұсынылады (қажет болған кезде);

5.8. 1с немесе 2с схемалары бойынша тракторларды немесе тіркемелерді сертификаттау кезінде өтініш беруші болған және осы тармақтың 5.5.2-тармақшасының талаптарына сәйкес сәйкестікті растау рәсімі аяқталғаннан кейін қалыптастырылған тракторға немесе тіркемеге құжаттар жиынтығы бар дайындаушы (дайындаушы уәкілеттік берген тұлға) тракторды немесе тіркемені сертификаттаудың оң нәтижелерінің негізінде осы техникалық регламентке 1-қосымшада келтірілгендердің ішінен өзі дайындайтын компоненттерге сәйкестік сертификатын алу мақсатында тракторға немесе тіркемеге сәйкестік сертификатын берген сертификаттау жөніндегі органға жүгінуге құқылы.

Тракторларға немесе тіркемелерге сатудан кейінгі қызмет көрсету үшін ауыстырылатын (қосалқы) бөлшектер ретінде жеткізілетін компоненттерге сәйкестік сертификаты мынадай шарттар сақталған кезде трактордың немесе тіркеменің осы техникалық регламент талаптарына сәйкестігін растау нәтижелері негізінде ресімделуі мүмкін:

тракторларды немесе тіркемелерді құрастыру өндірісіне жеткізілетін компоненттердің және тракторларды немесе тіркемелерді сатудан кейінгі қызмет көрсету үшін жеткізілетін компоненттердің бірдейлігі (трактордың немесе тіркеменің техникалық сипаттамасында тиісті ақпараттың болуы);

дайындаушының (дайындаушы уәкілеттік берген тұлғаның) тракторды немесе тіркемені ауыстырмалы (қосалқы) бөлшектер ретінде жеткізілетін компоненттердің тиісті тракторларды немесе тіркемелерді құрастыру үшін жеткізілетін немесе жеткізілген компоненттермен бірдей екенін растайтын дәлелдемелік материалдарды ұсынуы.

Трактор немесе тіркеме өндірісі тоқтатылған және тиісінше тракторға немесе тіркемеге сәйкестік сертификатының қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда тракторды немесе тіркемені дайындаушы (дайындаушы уәкілеттік берген тұлға) сериялық шығарылатын компоненттер үшін 5 жылдан аспайтын қолданылу мерзімімен ауысымдық (қосалқы) бөлшектер ретінде жеткізілетін өзі дайындайтын компоненттерге сәйкестік сертификатын алуға өтінім бере алады (компоненттердің партиясы (дара бұйым) үшін қолданылу мерзімі белгіленбейді, бұл ретте сәйкестік сертификатында өнім партиясының айырым белгілері – сәйкестендіру нөмірлері, тауарға ілеспе құжаттар туралы мәліметтер және т.б. көрсетіледі.). Көрсетілген компоненттерге сәйкестік сертификаты сертификаттау жөніндегі орган жүргізген компоненттер өндірісінің жай-күйін талдаудың оң нәтижесі болған жағдайда трактор немесе тіркеме Одақтың кедендік аумағына айналымға шығару аяқталған сәтте қолданыста болған талаптарға сәйкес ресімделуі мүмкін.

6. Осы баптың 5-тармағының 5.5.2-тармақшасына сәйкес қалыптастырылған тракторларға, тіркемелерге немесе компоненттерге арналған құжаттар жиынтығы мынадай мерзім ішінде:

сериялы шығарылатын тракторларға, тіркемелерге немесе компоненттерге – дайындаушыда (дайындаушы уәкілеттік берген тұлғада) осы тракторларды, тіркемелерді немесе компоненттерді өндірістен алған (өндіруді тоқтатқан) күннен бастап кемінде 10 жыл;

тракторлардың, тіркемелердің немесе компоненттердің партиясына-дайындаушыда (дайындаушы уәкілеттік берген тұлғада) немесе сатушыда партиядан соңғы бұйымды өткізген күннен бастап кемінде 10 жыл сақталуға тиіс.".

8. Көрсетілген техникалық регламентке 1-қосымша мынадай редакцияда жазылсын:

"Кеден одағының "Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы тракторлары мен олардың тіркемелерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентіне (КО ТР 031/2012)
№ 1 ҚОСЫМША
(Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 29 қазандағы № 127 шешімінің редакциясында

**Кеден одағының "Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы тракторлары мен олардың тіркемелерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 031/2012) талаптары қолданылатын тракторлардың немесе тіркемелердің компоненттерінің ТІЗБЕСІ**

| | Техникалық регламенттің элементі не трактордың немесе | |
|---|---|---|

| Трактордың немесе тіркеменің компоненті | тіркеменің компонентіне қойылатын талаптарды белгілейтін стандарттың немесе БҰҰ қағидаларының белгіленімі | Бақылау әдістерін белгілейтін стандарттың немесе БҰҰ қағидаларының белгіленімі |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Трактордың механикалық тарту-тіркеу құрылғылары[1)] | 3-бөлім (3.4-тармақшадан басқа), 4-бөлім МЕМСТ 32774-2014 | Б қосымша,<br>В қосымша<br>МЕМСТ 32774-2014 |
| Дыбыстық дабылдама құрылғылары | БҰҰ қағидалары № 28 (00) | БҰҰ қағидалары № 28 (00) |
| Әйнек | БҰҰ қағидалары № 43 (00)<br>(2022 ж. 1 қаңтарға дейін)[2)] | БҰҰ қағидалары № 43 (00)<br>(2022 ж. 1 қаңтарға дейін)[2)] |
| | БҰҰ қағидалары № 43 (01)<br>(2022 ж. 1 қаңтарынан бастап) | БҰҰ қағидалары № 43 (01)<br>(2022 ж. 1 қаңтарынан бастап) |
| Жарық қайтарғыш құрылғы | БҰҰ қағидалары № 3 (02) | БҰҰ қағидалары № 3 (02) |
| Габариттік оттар және тежеу сигналдары | БҰҰ қағидалары № 7 (02) | БҰҰ қағидалары № 7 (02) |
| Бұрылыс көрсеткіштері | БҰҰ қағидалары № 6 (01) | БҰҰ қағидалары № 6 (01) |
| Артқы нөмірлік белгіні жарықтандыруға арналған құрылғылар | БҰҰ қағидалары № 4 (00) | БҰҰ қағидалары № 4 (00) |
| Алыс жарық шамдары | БҰҰ қағидалары № 1,<br>БҰҰ қағидалары № 8,<br>БҰҰ қағидалары № 20 (03),<br>БҰҰ қағидалары № 98 (00),<br>БҰҰ қағидалары № 113 (01) | БҰҰ қағидалары № 1,<br>БҰҰ қағидалары № 8,<br>БҰҰ қағидалары № 20 (03),<br>БҰҰ қағидалары № 98 (00),<br>БҰҰ қағидалары № 113 (01) |
| | БҰҰ қағидалары № 112 (00)<br>(2022 ж. 1 қаңтарға дейін)[2)] | БҰҰ қағидалары № 112 (00)<br>(2022 ж. 1 қаңтарға дейін)[2)] |
| | БҰҰ қағидалары № 112 (01)<br>(2022 ж. 1 қаңтарынан бастап) | БҰҰ қағидалары № 112 (01)<br>(2022 ж. 1 қаңтарынан бастап) |
| Жақын жарық шамдары | БҰҰ қағидалары № 1<br>БҰҰ қағидалары № 8,<br>БҰҰ қағидалары № 20 (03),<br>БҰҰ қағидалары № 98 (00) | БҰҰ қағидалары № 1,<br>БҰҰ қағидалары № 8,<br>БҰҰ қағидалары № 20 (03),<br>БҰҰ қағидалары № 98 (00) |
| | БҰҰ қағидалары № 112 (00)<br>(2022 ж. 1 қаңтарға дейін)[2)] | БҰҰ қағидалары № 112 (00)<br>(2022 ж. 1 қаңтарға дейін)[2)] |
| | БҰҰ қағидалары № 112 (01)<br>(2022 ж. 1 қаңтардан бастап) | БҰҰ қағидалары № 112 (01)<br>(2022 ж. 1 қаңтардан бастап) |
| Тұманға қарсы шамдар | БҰҰ қағидалары № 19 (03)<br>(2022 ж. 1 қаңтарға дейін)[2)] | БҰҰ қағидалары № 19 (03)<br>(2022 ж. 1 қаңтарға дейін)[2)] |
| | БҰҰ қағидалары № 19 (04)<br>(2022 ж. 1 қаңтардан бастап) | БҰҰ қағидалары № 19 (04)<br>(2022 ж. 1 қаңтардан бастап) |
| Артқы тұманға қарсы оттар | БҰҰ қағидалары № 38 (00) | БҰҰ қағидалары № 38 (00) |
| Артқа жүріс шамдары | БҰҰ қағидалары № 23 (00) | БҰҰ қағидалары № 23 (00) |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| Тұрақ оттары | БҰҰ қағидалары № 77 (00) | БҰҰ қағидалары № 77 (00) |
| Шиналар | БҰҰ қағидалары № 106 (00) | БҰҰ қағидалары № 106 (00) |
| Қозғалтқыш | техникалық регламентке 5-қосымшаның 14-тармағы, МЕМСТ 17.2.2.02-98[3)] | БҰҰ қағидалары № 96 (02), МЕМСТ 17.2.2.02-98[3)] |
| Оператордың орындығы | 4-бөлім (кроме подпункта 4.3) МЕМСТ 20062-96 | МЕМСТ 20062-96 |
| Жылдамдықты шектеу құрылғысы | БҰҰ қағидалары № 89 | БҰҰ қағидалары № 89 |
| Спидометрлер | БҰҰ қағидалары № 39 (00) | БҰҰ қағидалары № 39 (00) |
| Артты көру айнасы | БҰҰ қағидалары № 46 (02) | БҰҰ қағидалары № 46 (02) |
| Қауіпсіздік белдігі | БҰҰ қағидалары № 16 (04) (2022 ж. 1 қаңтарға дейін)[2)] | БҰҰ қағидалары № 16 (04) (2022 ж. 1 қаңтарға дейін)[2)] |
| | БҰҰ қағидалары № 16 (06) (2022 ж. 1 қаңтардан бастап) | БҰҰ қағидалары № 16 (06) (2022 ж. 1 қаңтардан бастап) |
| Кабина | техникалық регламентке 5-қосымшаның 3-тармағы | МЕМСТ ISO 27850-2016, МЕМСТ ISO 3463-2013, МЕМСТ ISO 5700-2013, МЕМСТ ISO 8084-2011 |
| Қозғалтқышты газ тәрізді отынмен қоректендіруге арналған жабдық: Сұйытылған мұнай газымен (СМГ ): газ баллоны; 80 пайыздық бекіту клапаны; деңгей көрсеткіші; сақтандырғыш клапан; шектеуші клапаны бар қашықтан реттелетін жұмыс клапаны; қысымды реттегіш және буландырғыш; қашықтан реттелетін жапқыш клапан; құю блогы; газ құбырлары мен шлангілер; СМГ компоненттері арасындағы жалғастырушы газ құбырлары; инжектор, газ айдағыш немесе газ араластырғыш; электрондық басқару блогы; қысымды шектегіш; кері клапан; газ құбырының сақтандырғыш клапаны; газ мөлшерлегіш; сүзгі; қысым және температура датчигі; отын сорғысы; қоректендіру жүйесінің оқшауланған | | БҰҰ қағидалары № 67 (01), |

| | | |
|---|---|---|
| жалғастырғышы; резервтік отын берудің жалғағыш келте құбыры; отынның әралуан түрлеріне ауыстырып қосу жүйесі; отын құбырлары;<br>сығылған табиғи газбен (СТГ):<br>баллондар; қол вентилі; автоматты клапан; сақтандыру құрылғысы; шектеу құрылғысы; бақылау клапаны немесе кері клапан; редукциялық клапан; қысымды сақтандыру шектегіші (белгілі бір температурада іске қосылатын); шектеуші клапан; (белгілі бір қысымда іске қосылатын); шектегіш клапан; қысымды сақтандырып шектегіш (белгілі бір қысымда іске қосылатын); резервтік отын берудің жалғағыш келте құбыры; отынның әр түріне ауыстырып қосу жүйесі; икемді отын өткізгіш-шлангілер; СТГ сүзгісі; қысым реттегіші; қысым және температура датчигі; толтырушы блок немесе торап; газ беруді реттегіш және газды ауа араластырғышы немесе инжектор | техникалық регламентке 5-қосымшаның 15-тармағы | БҰҰ қағидалары № 110 (00) |
| [1] Типтері және тип-мөлшерлері МЕМСТ 32774-2014 белгіленбеген механикалық тарту-тіркеу құрылғылары үшін МЕМСТ 32774-2014 талаптарын растау талап етілмейді.<br>[2] 2022 ж. 1 қаңтарға дейін жобаланған компоненттер үшін қолданылады<br>[3] 3А экологиялық сыныбына сәйкес келетін зиянды заттар шығарындыларының деңгейін қамтамасыз ететін отын бүркудің электрондық жүйесімен жабдықталмаған қозғалтқыштар үшін ғана қолданылады.". | | |

9. Көрсетілген техникалық регламентке 2-қосымшада:

а) қосымшаның атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тракторлар мен тіркемелердің Кеден одағының "Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы тракторлары мен олардың тіркемелерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 031/2012) талаптарына сәйкестігін растау мақсатында дайындаушы (дайындаушы уәкілеттік берген тұлға), сатушы ұсынатын техникалық сипаттамалардың нысандары";

б) мәтін бойынша тиісті түрдегі және септіктегі "Кеден одағына мүше мемлекеттер" деген сөздер тиісті түрдегі және септіктегі "мүше мемлекеттер" деген сөздермен ауыстырылсын;

в) бірінші абзацтағы "1" деген цифр "І бөлім" деген сөздермен ауыстырылсын;

г) екінші абзацтағы "БҰҰ ЕЭК" деген сөздер "1958 жылғы 20 наурызда Женевада жасалған Доңғалақты көлік құралдарына, доңғалақты көлік құралдарында орнатылуы және/немесе пайдаланылуы мүмкін жабдықтау заттары мен бөлшектерге арналған бірыңғай техникалық нұсқамаларды қабылдау туралы және осы нұсқамалардың

негізінде берілетін ресми бекітулерді өзара мойындау шарттары туралы келісімге сәйкес берілген БҮҰ (бұдан әрі – типті ресми бекіту туралы хабарлама)," деген сөздермен ауыстырылсын;

д) 0.6-тармақшадағы "тіркеу белгілері мен жазбаларды (фотографияларды немесе чертеждерді) орнату" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің (мүше мемлекеттердің) (бұдан әрі тиісінше – Одақ, мүше мемлекеттер) заңнамасында көзделген немесе БҰҰ қағидаларында қолданылған белгіленімдер мен символдарды (фотографияларды немесе чертеждерді) қондыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

е) 1.1.1-тармақшасындағы "дөңгелектердің" деген сөз "осьтердің" деген сөзбен ауыстырылсын;

ж) 3.1.1-тармақшасындағы "Негізгі" деген сөз "Базалық" деген сөзбен ауыстырылсын;

з) 3.1.2- тармақшасындағы "негізгі" деген сөз "базалық" деген сөзбен ауыстырылсын;

и) 10.1.1-тармақшасындағы "Рама" деген сөз "Қорғаныштық қаңқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

к) 10.1.3-тармақшасындағы "діңгек, сырық" деген сөздер "қауіпсіздік доғасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

л) мынадай мазмұндағы 11.1.9-тармақшамен толықтырылсын:

"11.1.9. Контурлық оттар ……………………………………………………...";

м) 11.2.7-тармақшасындағы "Контурлық оттар" деген сөздер "Тіркеменің жарық дабылдамасы жұмысын бақылау шамдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

н) 11.2.8-тармақша алып тасталсын;

о) 12.7-тармақшадағы "аспалы" деген сөз "сүйрету" деген сөзбен ауыстырылсын;

п) 12.8-тармақшадан кейін бірінші – төртыншы абзацтар мынадай мазмұндағы абзацтармен ауыстырылсын:

"II бөлім. Тракторлар мен тіркемелерді сертификаттауға арналған сипаттамалардың қысқартылған тізбесі

Қысқартылған тізбе егер компоненттерге Одақтың сертификаттау жөніндегі органдарының және сынақ зертханаларының (орталықтарының) бірыңғай тізіліміне енгізілген аккредиттелген сынақ зертханасы (орталығы) Кеден одағының "Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы тракторлары мен олардың тіркемелерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 031/2012) (бұдан әрі – техникалық регламент) жекелеген талаптарына сәйкестігіне берген бір немесе бірнеше сәйкестік сертификаттары, типін ресми бекіту туралы хабарламалар және сынақ хаттамалары (бұдан әрі – сынақ хаттамалары) болған жағдайда толтырылады.

Бұл жағдайда трактордың немесе тіркеменің немесе осы бөлімнің 1 – 12-тармақтарында келтірілгендерден компоненттің тиісті техникалық сипаттамасы үшін

тиісті сынақ хаттамаларының, сәйкестік сертификаттарының, трактордың немесе тіркеменің әрбір типі (нұсқасы, болжамы) үшін типін ресми бекіту туралы хабарламалардың нөмірлері көрсетіледі.

Егер берілген сынақ хаттамалары, сәйкестік сертификаттары немесе жеке талаптарға сәйкестіктің типін ресми бекіту туралы хабарламалар болмаса, онда тиісті тармақтар негізгі сипаттамалардың толық тізбесінде келтірілген қажетті мәліметтермен толықтырылады.";

р) 3 және 4-тармақтар мынадай мазмұндағы III және IV бөлімдермен ауыстырылсын :

"III бөлім. Техникалық сипаттама жасау жөніндегі ұсынымдар

Техникалық сипаттама бір үлгідегі тракторлар мен тіркемелерге жасалады, ол орындаудың бірнеше нұсқалары мен болжамдарын (бар болса) біріктіре алады. Техникалық және конструкциялық сипаттамаларға қатысты келтірілген әрбір орындаудың бір мәнді сәйкестендірілуі қамтамасыз етілген жағдайда, орындау нұсқалары мен болжамдарын (бар болса) қамтитын бірнеше үлгідегі тракторлар мен тіркемелерге техникалық сипаттама ресімдеуге жол беріледі.

Сәйкестік сертификаттарының, типін ресми бекіту туралы хабарламалардың және техникалық регламенттің жекелеген талаптарына сәйкестікке сынақ хаттамаларының болуына қарай техникалық сипаттамаға осы құжаттың тиісінше I немесе II бөлімінде көрсетілген негізгі сипаттамалардың толық не қысқартылған тізбесінен сипаттамалар енгізіледі.

Техникалық сипаттамадағы мәліметтерді ұсыну нысаны еркін.

Сипаттамалардың қысқартылған тізбесі негізінде толтырылған техникалық сипаттама нақты трактордың немесе тіркеменің әрбір түріне, нұсқасына немесе орындау мәніне қатысты құжатпен расталған деректерді біріктіретін кестемен толықтырылуы мүмкін. Мысал үшін 2.1-кесте келтірілген.

2.1-кесте

| Объект | Сынақ хаттамасының, сәйкестік сертификатының, трактордың, тіркеменің немесе компоненттің типін ресми бекіту туралы хабарламаның нөмірі | Сынақ хаттамасының, сәйкестік сертификатының, трактордың, тіркеменің немесе компоненттің типін ресми бекіту туралы хабарламаның берілген күні | Типі, нұсқасы немесе болжамы |
|---|---|---|---|
| Артқы жақты көрсететін айна | | | |

Әрбір тип, нұсқа немесе болжам цифрлық және (немесе) әріптік-цифрлық кодтың көмегімен белгіленуі тиіс, ол тиісті трактор немесе тіркеме үшін сәйкестік сертификатында және оған қосымшада көрсетіледі.

**IV бөлім.** Сәйкестік сертификатына қосымшада көрсетілетін ақпарат

Сәйкестік сертификатына қосымшада мынадай мәліметтер келтірілуге тиіс:

осы құжаттың II бөлімінің 1-тармағына сәйкес трактордың немесе тіркеменің негізгі конструктивтік сипаттамалары;

сәйкестік сертификатын ресімдеуге негіз болған құжаттар тізбесі. Мұндай құжаттар туралы ақпарат трактордың немесе тіркеменің техникалық регламент талаптарына сәйкестігін бағалау үшін пайдаланылатын құжатты берген ұйымды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін мәліметтермен толықтырылған осы құжаттың III бөлімінің 2.1-кестесі нысанында келтірілуі мүмкін;

трактордың немесе тіркеменің таңбалануын сипаттау. Тракторда немесе тіркемеде өнімнің Одақ нарығындағы айналымының бірыңғай белгісінің тракторда немесе тіркемеде оны табу үшін жеткілікті орналасу орнының сипаттамасы келтіріледі;

дайындаушының оны трактордан немесе тіркемеден табу үшін жеткілікті тақтайшасының трактордағы немесе тіркемедегі орналасу орнының сипаттамасы. Сәйкестендіру нөмірінің тракторда немесе тіркемеде барлық орналасқан жерлерінің сипаттамасы келтіріледі;

трактордың немесе тіркеменің жалпы түрі (фото және (немесе) графикалық бейнесі) .

Сәйкестік сертификатына қосымшада трактор немесе тіркеме туралы қосымша ақпарат келтірілуі мүмкін. Мысалы, жалпы пайдаланымдағы жолдарда қосарлы шиналармен жабдықталған тракторларды пайдалану мүмкіндігін шектеу туралы ақпарат.".

10. Көрсетілген техникалық регламентке 3-қосымшада:

а) 1.2 тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"C4.2 – аса жалпақ шынжыр табанды тракторлар, анықтамасы T4. 2 санатындағы доңғалақты тракторлардың анықтамасына ұқсас.";

б) мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Трактор қозғалтқыштарының пайдаланылған газдарының құрамындағы зиянды заттардың шығарылу деңгейіне байланысты тракторлар мен қысымнан тұтанатын іштен жану қозғалтқыштарын сыныптау кестеге сәйкес жүзеге асырылады.

Кесте

| Экологиялық сынып | Тракторлар мен қысымнан тұтанатын іштен жану қозғалтқыштарына қойылатын техникалық талаптар |
|---|---|
| 0[1)] | МЕМСТ 17.2.2.02-98, МЕМСТ 17.2.2.05-97 |
| 1[1)] | БҰҰ қағидалары №96 (00), МЕМСТ 17.2.2.02-98 |
| 2[2)] | Кеден одағының "Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы тракторлары мен олардың тіркемелерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентіне (КО ТР 031/2012) 5-қосымшаның 5.1-кестесі және 14-тармағы (қуат диапазондары D, E1, F, G), МЕМСТ 17.2.2.02-98 |
| | |

| | |
|---|---|
| 3A | Кеден одағының "Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы тракторлары мен олардың тіркемелерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентіне (КО ТР 031/2012) 5-қосымшаның 5.1-кестесі және 14-тармағы (қуат диапазондары E2, H, I , J, K) |
| 1) Талаптар Кеден одағының "Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы тракторлары мен олардың тіркемелерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 031/2012) талаптарына сәйкестігін растау мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланудағы тракторларға, қосалқы бөлшектер ретінде жеткізілетін қысымнан тұтанатын қозғалтқыштарға қатысты қолданылады.<br>2) 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап талаптар Кеден одағының "Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы тракторлары мен олардың тіркемелерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің ( КО ТР 031/2012) талаптарына сәйкестігін растау мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланудағы тракторларға, қосалқы бөлшектер ретінде жеткізілетін қысымнан тұтанатын қозғалтқыштарға қатысты қолданылады.". | |

11. Көрсетілген техникалық регламентке 4-қосымша мынадай редакцияда жазылсын:

"Кеден одағының "Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы тракторлары мен олардың тіркемелерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентіне (КО ТР 031/2012)
№ 4 ҚОСЫМША
(Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 29 қазандағы № 127 шешімінің редакциясында(Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 29 қазандағы № 127 шешімінің редакциясында

## Кеден одағының "Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы тракторлары мен олардың тіркемелерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентіне (КО ТР 031/2012) сәйкес тракторлар мен тіркемелерге қойылатын қауіпсіздік талаптарының

## ТІЗБЕСІ

4.1-кесте

## Тракторлар мен тіркемелерге қойылатын қауіпсіздік талаптарының тізбесі

| | Техникалық регламенттің элементі немесе | Техникалық регламенттің | Тракторлар мен тіркемелердің санаттары | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | |

| Трактордың немесе тіркеменің сипаттамасы немесе көрсеткіші | стандарттың немесе сипаттамаға немесе көрсеткішке талаптар белгілейтін БҰҰ қағидаларының белгіленімі | элементі немесе стандарттың немесе бақылау әдістерін белгілейтін БҰҰ қағидаларының белгіленімі | T1 | T2 | T3 | T5 | C (C4 басқа) | R |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 1. Техникалық жол берілетін масса | техникалық регламентке 5-қосымшаның 1-тармағы | МЕМСТ 12.2.002-91 | X | X | X | X | (X) | – |
| 2. Тіркеу белгісін орнату орны | техникалық регламентке 5-қосымшаның 11-тармағы | техникалық регламентке 5-қосымшаның 11-тармағы | X | X | X | X | I | [X] |
| 3. Отын багы | МЕМСТ 12.2.019-2015 | МЕМСТ 12.2.019-2015 | X | X | X | X | I | – |
| 4. Балласттық жүктер[1)] | техникалық регламентке 5-қосымшаның 2-тармағы | техникалық регламентке 5-қосымшаның 2-тармағы | X | X | X | X | I | – |
| 5. Дыбыстық дабылдама құрылғысы | МЕМСТ 12.2.019-2015, МЕМСТ 12.2.102-2013 | МЕМСТ 12.2.019-2015 | X | X | X | X | I | – |
| 6. Сыртқы шу | МЕМСТ 33678-2015 | МЕМСТ 33678-2015 | X | X | X | X | (X) | – |
| 7. Ең жоғары | МЕМСТ 30748-2001, техникалық | МЕМСТ 30748-2001, техникалық | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| есептік жылдамдық | регламентке 5-қосымшаның 4-тармағы | регламентке 5-қосымшаның 4-тармағы | X | X | X | X | I | – |
| 8. Жүк платформасы1) | техникалық регламентке 5-қосымшаның 5-тармағы | МЕМСТ 12.2.002-91 | X | X | X | X | I | – |
| 9. Рөлдік басқару | МЕМСТ 33679-2015, МЕМСТ ISO 15077-2014 | МЕМСТ ISO 789-11-2013 | X | X | X | X | (X) | – |
| 10. Электромагниттік үйлесімділік | БҰҰ қағидалары № 10 (03) | БҰҰ қағидалары № 10 (03) | X | X | X | X | I | – |
| 11. Тежеу жүйелері | техникалық регламентке 5-қосымшаның 12-тармағы | МЕМСТ 12.2.002.3-91, МЕМСТ ISO 11169-2011, МЕМСТ ISO 11512-2011 | X | X | X | X | X | – |
| | БҰҰ қағидалары № 13 (10) (2022 ж. 1 қаңтарға дейін) | БҰҰ қағидалары № 13 (10) (2022 ж. 1 қаңтарға дейін) | – | – | – | (X) | – | (X) |
| | БҰҰ қағидалары № 13 (11) (2022 ж. 1 қаңтардан бастап) | БҰҰ қағидалары № 13 (11) (2022 ж. 1 қаңтардан бастап) | – | – | – | (X) | – | (X) |
| | СТБ 2216-2011, МЕМСТ 10000-2017 | МЕМСТ 12.2.002.3-91 | – | – | – | – | – | X |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 12. Жарықтандыру және жарық дабылдамасы құрылғысы | БҰҰ қағидалары № 86 (00) | БҰҰ қағидалары № 86 (00) | X | X | X | X | I | – |
| | МЕМСТ 32431-2013, техникалық регламентке 5-қосымшаның 16-тармағы | МЕМСТ 12.2.002-91 | – | – | – | – | – | X |
| 13. Сүйрету құрылғылары | техникалық регламентке 5-қосымшаның 7-тармағы | техникалық регламентке 5-қосымшаның 7-тармағы | X | X | X | X | I | – |
| 14. Трактордың, тіркеменің мөлшерлері және тіркеменің сүйрейтін массасы | техникалық регламентке 5-қосымшаның 8-тармағы | МЕМСТ 26025-83 | X | X | X | X | I | X |
| 15. Тарту-тіркеу құрылғысына жүктеме | СТБ 2216-2011 | МЕМСТ 28307-2013 | – | – | – | – | – | X |
| 16. Тракторлар мен тіркемелер конструкциясына қойылатын талаптар | техникалық регламентке 5-қосымшаның 13-тармағы | МЕМСТ 12.2.002-91, МЕМСТ ISO 4413-2016 | X | X | X | X | I | [X] |
| 17. Бөліктерді қорғау | МЕМСТ 33241-2015 | МЕМСТ 12.2.002-91, МЕМСТ 31594-2012 | X | X | X | X | I | – |
| 18. Механика | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| лық тарту-тіркеу құрылғысы: | | | | | | | | |
| трактордың механикалық тарту-тіркеу құрылғысы[2)] | 3-бөлім (3.4-тармақшадан басқа), 4-бөлім МЕМСТ 32774-2014 | Б қосымша, В қосымша МЕМСТ 32774-2014 | X | X | X | X | I | – |
| тіркеменің тіркеу ілмегі | СТБ 2216-2011 | МЕМСТ 28307-2013 | – | – | – | – | – | X |
| 19. Дайындау шынының тақтайшасы | техникалық регламентке 5-қосымшаның 9-тармағы | МЕМСТ 26828-86 | X | X | X | X | I | [X] |
| 20. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық | МЕМСТ ISO 12100-2013 | Визуалдық бағалау | X | X | X | X | I | X |
| | МЕМСТ 27388-87 | Визуалдық бағалау | (X) | (X) | (X) | (X) | (X) | (X) |
| 21. Тіркеменің тежеу жетегінің жалғастырғыш құрылғысы | техникалық регламентке 5-қосымшаның 10-тармағы | МЕМСТ 22895-77 | X | X | X | (X) | I | X |
| 22. Зиянды заттар шығарылымдары | техникалық регламентке 5-қосымшаның 14-тармағы | БҰҰ қағидалары № 96 (02) | X | X | X | X | X | – |
| 23. Спидометр[1)] | БҰҰ қағидалары № 39 (00) | БҰҰ қағидалары № 39 (00) | – | – | – | X | – | – |
| 24. Шашырат | | | – | – | – | (X) | – | – |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| у д а н қорғау жүйесі | МЕМСТ 33107-2014 | МЕМСТ 33107-2014 | | | | | | |
| 2 5 . Шиналар | Б Ұ Ұ қағидалары № 106 (00) | Б Ұ Ұ қағидалары № 106 (00) | X | X | X | X | – | X |
| 2 6 . Жылдамдықты шектеу құрылғысы | Б Ұ Ұ қағидалары № 89 | Б Ұ Ұ қағидалары № 89 | – | – | – | X | – | – |
| 2 7 . Бүйірлік қорғау | Б Ұ Ұ қағидалары № 73 (00) (2022 ж. 1 қаңтарға дейін) | Б Ұ Ұ қағидалары № 73 (00) (2022 ж. 1 қаңтарға дейін) | – | – | – | (X) | – | (X) |
| | Б Ұ Ұ қағидалары № 73 (01) (2022 ж. 1 қаңтардан бастап) | Б Ұ Ұ қағидалары № 73 (01) (2022 ж. 1 қаңтардан бастап) | – | – | – | (X) | – | (X) |
| 28. Артқы қорғау құрылғысы | Б Ұ Ұ қағидалары № 58 (2022 ж. 1 қаңтарға дейін) | Б Ұ Ұ қағидалары № 58 (2022 ж. 1 қаңтарға дейін) | – | – | – | – | – | [X] |
| | Б Ұ Ұ қағидалары № 58 (02) (2022 ж. 1 қаңтардан бастап) | Б Ұ Ұ қағидалары № 58 (02) (2022 ж. 1 қаңтардан бастап) | – | – | – | – | – | [X] |
| 2 9 . Тіркеменің орнықтылығы | МЕМСТ EN 1853-2012 | МЕМСТ 12.2.002-91, МЕМСТ EN 1853-2012 | – | – | – | – | – | X |
| 3 0 . Жартылай тіркеменің | СТБ 2216-2011, | | – | – | – | – | – | X |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| тірек құрылғысы | МЕМСТ 10000-2017 | МЕМСТ 12.2.002-91 | | | | | | |
| 31. Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату талаптары | МЕМСТ 12.2.019-2015, МЕМСТ 19677-87 | МЕМСТ 12.2.002-91 | X | X | X | X | I | – |
| 32. Аударылудан қорғау құрылғысы (ROPS) | техникалық регламентке 5-қосымшаның 3-тармағы | МЕМСТ ISO 5700-2013 (статикалық сынақтар) не МЕМСТ ISO 3463-2013 (динамикалық сынақтар) | X | X | X | X | I | – |
| 33. Орман шаруашылығы тракторларының құлайтын заттардан қорғау құрылғысы (FOPS) | техникалық регламентке 5-қосымшаның 3-тармағы | МЕМСТ ISO 27850-2016 | X | X | X | X | I | – |
| 34. Орман шаруашылығы тракторларының операторды қорғау құрылғысы (OPS) | техникалық регламентке 5-қосымшаның 3-тармағы | МЕМСТ ISO 8084-2011 | X | X | X | X | I | – |
| 35. Қозғалтқышты газ тәрізді отынмен (сығылған табиғи газбен (СТГ), | техникалық регламент | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| сұйытылған мұнай газымен (СМГ) қоректендіруге арналған жабдық орнату | ке 5-қосымшаның 15-тармағы | МЕМСТ 31972-2013 | (X) | (X) | (X) | (X) | (X) | – |
| 36. Оператордың жұмыс кеңістігі | МЕМСТ ИСО 4253-2005 | МЕМСТ 12.2.002-91, МЕМСТ 31594-2012 | X | – | X | X | I | – |
| 37. Қол жеткізу жүйелері | МЕМСТ ISO 4252-2015, МЕМСТ ISO 26322-1-2012, МЕМСТ ISO 26322-2-2012, МЕМСТ 12.2.102-2013 | МЕМСТ 12.2.002-91, МЕМСТ 26025-83, МЕМСТ 31594-2012 | X | X | X | X | I | – |
| | СТБ 2216-2011, МЕМСТ EN 1853-2012 | МЕМСТ 12.2.002-91, МЕМСТ 26025-83 | – | – | – | – | – | X |
| 38. Басқару органдары | МЕМСТ ISO 15077-2014, МЕМСТ 26336-97, МЕМСТ 12.2.102-2013 | МЕМСТ 12.2.002-91, МЕМСТ 31594-2012 | X | X | X | X | I | – |
| 39. Тіркеме платформалары ернеулерінің бекіту құрылғыларының орналасуы | СТБ 2216-2011 | МЕМСТ 12.2.002-91 | – | – | – | – | – | X |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 40. Шынылау | МЕМСТ 12.2.120-2015 | МЕМСТ 32565-2013 | X | X | X | X | I | – |
| | БҰҰ қағидалары № 43 (00) (2022 ж. 1 қаңтарға дейін) | БҰҰ қағидалары № 43 (00) (2022 ж. 1 қаңтарға дейін) | X | X | X | X | I | – |
| | БҰҰ қағидалары № 43 (01) (2022 ж. 1 қаңтардан бастап) | БҰҰ қағидалары № 43 (01) (2022 ж. 1 қаңтарға дейін) | X | X | X | X | I | – |
| 41. Қауіпсіздік белдігін бекіту орындары | БҰҰ қағидалары № 14 (06) (2022 ж. 1 қаңтарға дейін) | БҰҰ қағидалары № 14 (06) (2022 ж. 1 қаңтарға дейін) | (X) | (X) | (X) | X | (X) | – |
| | БҰҰ қағидалары № 14 (07) (2022 ж. 1 қаңтардан бастап) | БҰҰ қағидалары № 14 (07) (2022 ж. 1 қаңтардан бастап) | (X) | (X) | (X) | X | (X) | – |
| | МЕМСТ ISO 3776-1-2012, МЕМСТ ISO 3776-2-2012, МЕМСТ ISO 3776-3-2013 | МЕМСТ ISO 3776-1-2012, МЕМСТ ISO 3776-2-2012, МЕМСТ ISO 3776-3-2013 | X | X | X | – | I | – |
| 42. | БҰҰ қағидалары № 16 (04) (2022 ж. 1 қаңтарға дейін) | БҰҰ қағидалары № 16 (04) (2022 ж. 1 қаңтарға дейін) | – | – | – | X | – | – |
| | БҰҰ қағидалары № 16 (06) | БҰҰ қағидалары № 16 (06) | – | – | – | X | | – |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қауіпсіздік белдіктері | (2022 ж. 1 қаңтардан бастап) | (2022 ж. 1 қаңтардан бастап) | | | | | – | |
| 43. Шолу аймағы | БҰҰ қағидалары № 71 (00) | БҰҰ қағидалары № 71 (00) | X | X | X | X | I | – |
| 44. Артқы жақты көрсету айнасы | техникалық регламентке 5-қосымшаның 6-тармағы | БҰҰ қағидалары № 46 (02) | X | X | (X) | X | I | – |
| 45. Оператордың орындығы | 4-бөлім (4.3-тармақшасынан басқа) МЕМСТ 20062-96 | МЕМСТ 20062-96 | X | X | X | X | I | – |
| 46. Оператордың жұмыс орнындағы дыбыс деңгейі | МЕМСТ 12.2.019-2015 | МЕМСТ 12.2.002-91, МЕМСТ 31594-2012 | X | X | X | X | I | – |
| 47. Вибрациялық қауіпсіздік | МЕМСТ 12.1.012-2004 | МЕМСТ 31193-2004 | X | X | X | X | I | – |

Шартты белгіленімдер:
X – талап қолданылады;
(X) – талаптың қолданылуын дайындаушы белгілейді;
[X] – көрсетілген стандарттар немесе БҰҰ қағидалары тіркемелерге қолданылатын талаптар бөлігінде қолданылады;
"–" – талап қолданылмайды;
I – санатына қарай дөңгелекті тракторлар үшін де.

1) Егер конструкцияда көзделсе.
2) Типтері және тип-мөлшерлері МЕМСТ 32774-2014 белгіленбеген механикалық тарту-тіркеу құрылғылары үшін МЕМСТ 32774-2014 талаптарын растау талап етілмейді.

4.2-кесте

## Арнайы мақсаттағы тракторларға қойылатын қауіпсіздік талаптарының тізбесі

| Трактордың сипаттамасы немесе көрсеткіші | Техникалық регламенттің элементі немесе стандарттың немесе сипаттамаға немесе көрсеткішке талаптар белгілейтін БҰҰ қағидаларының белгіленімі | Техникалық регламенттің элементі немесе стандарттың немесе бақылау әдістерін белгілейтін БҰҰ қағидаларының белгіленімі | Тракторлардың санаттары | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Т4.1 | Т4.2 | С4.2 | Т4.3 | С4.1 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 1. Техникалық жол берілетін масса | техникалық регламентке 5-қосымшаның 1-тармағы | МЕМСТ 12.2.002-91 | X | X | X | X | X |
| 2. Тіркеу белгісін орнату орны | техникалық регламентке 5-қосымшаның 11-тармағы | техникалық регламентке 5-қосымшаның 11-тармағы | (X) | (X) | (X) | X | (X) |
| 3. Отын багы | МЕМСТ 12.2.019-2015 | МЕМСТ 12.2.019-2015 | X | X | X | X | X |
| 4. Балласттық жүктер[1)] | техникалық регламентке 5-қосымшаның 2-тармағы | техникалық регламентке 5-қосымшаның 2-тармағы | X | X | X | X | X |
| 5. Дыбыстық дабылдама құрылғысы | МЕМСТ 12.2.019-2015, МЕМСТ 12.2.102-2013 | МЕМСТ 12.2.019-2015 | X | X | X | X | X |
| 6. Сыртқы шу | МЕМСТ 33678-2015 | МЕМСТ 33678-2015 | (X) | (X) | (X) | (X) | (X) |
| 7. Ең жоғары есептік жылдамдық | МЕМСТ 30748-2001, техникалық регламентке 5-қосымшаның 4-тармағы | МЕМСТ 30748-2001, техникалық регламентке 5-қосымшаның 4-тармағы | X | X | X | X | X |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 8. Жүк платформасы | техникалық регламентке 5 - қосымшаның 5-тармағы | МЕМСТ 12.2.002-91 | (X) | (X) | (X) | (X) | (X) |
| 9 . Электромагниттік үйлесімділік | Б Ұ Ұ қағидалары № 10 (03) | Б Ұ Ұ қағидалары № 10 (03) | X | X | X | X | X |
| 10. Рөлдік басқару | МЕМСТ 12.2.019-2015 | МЕМСТ 12.2.002-91 | X | X | (X) | X | SD |
| 11. Тежеу жүйелері | техникалық регламентке 5 - қосымшаның 12-тармағы | МЕМСТ 12.2.002.3-91, МЕМСТ ISO 11169-2011, МЕМСТ ISO 11512-2011 | (X) | X | X | X | (X) |
| 1 2 . Жарықтандыру және жарық дабылдамасы құрылғысы | Б Ұ Ұ қағидалары № 86 (00) | Б Ұ Ұ қағидалары № 86 (00) | (X) | (X) | (X) | (X) | (X) |
| 13. Сүйрету құрылғылары | техникалық регламентке 5 - қосымшаның 7-тармағы | техникалық регламентке 5 - қосымшаның 7-тармағы | (X) | X | X | X | (X) |
| 1 4 . Трактордың мөлшері және тіркеменің сүйрету массасы | техникалық регламентке 5 - қосымшаның 8-тармағы | МЕМСТ 26025-83 | (X) | X | (X) | X | (X) |
| 1 5 . Бөліктерді қорғау | МЕМСТ 33241-2015 | МЕМСТ 12.2.002-91, МЕМСТ 31594-2012 | (X) | X | (X) | X | (X) |
| 1 6 . Механикалық тарту-тіркеу | 3-бөлім (3.4 - тармағынан басқа), 4- | Б қосымша, В қосымша | X | (X) | (X) | X | X |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| құрылғысы[2]) | бөлім МЕМСТ 32774-2014 | МЕМСТ 32774-2014 | | | | | |
| 17. Дайындаушының тақтайшасы | техникалық регламентке 5-қосымшаның 9-тармағы | МЕМСТ 26828-86 | Х | Х | Х | Х | Х |
| 18. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық | МЕМСТ ISO 12100-2013 | Визуалдық бағалау | Х | Х | Х | Х | Х |
| | МЕМСТ 27388-87 | Визуалдық бағалау | (Х) | (Х) | (Х) | (Х) | (Х) |
| 19. Тіркеменің тежеу жетегінің жалғастырғыш құрылғысы | техникалық регламентке 5-қосымшаның 10-тармағы | МЕМСТ 22895-77 | (Х) | (Х) | (Х) | (Х) | (Х) |
| 20. Зиянды заттар шығарылымдары | техникалық регламентке 5-қосымшаның 14-тармағы | БҰҰ қағидалары № 96 (02) | Х | Х | Х | Х | Х |
| 21. Шиналар | БҰҰ қағидалары № 106 (00) | БҰҰ қағидалары № 106 (00) | Х | Х | – | Х | – |
| 22. Қозғалтқышты іске қосу және тоқтату талаптары | МЕМСТ 12.2.019-2015, МЕМСТ 19677-87 | МЕМСТ 12.2.002-91 | Х | Х | Х | Х | Х |
| 23. Аударылудан қорғау құрылғысы(ROPS) | техникалық регламентке 5-қосымшаның 3-тармағы | МЕМСТ ISO 5700-2013 (статикалық сынақтар) не МЕМСТ ISO 3463-2013 (динамикалық сынақтар) | SD | Х | (Х) | Х | SD |
| 24. Оператордың жұмыс кеңістігі | МЕМСТ ИСО 4253-2005 | МЕМСТ 12.2.002-91 | (Х) | (Х) | (Х) | (Х) | (Х) |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 25. Қол жеткізу жүйелері | МЕМСТ ISO 4252-2015, МЕМСТ ISO 26322-1-2012, МЕМСТ 12.2.102-2013 | МЕМСТ 12.2.002-91, МЕМСТ 26025-83, МЕМСТ 31594-2012 | X | X | X | X | X |
| 26. Басқару органдары | МЕМСТ ISO 15077-2014, МЕМСТ 26336-97, МЕМСТ 12.2.102-2013 | МЕМСТ 12.2.002-91, МЕМСТ 31594-2012 | X | X | (X) | X | X |
| 27. Шынылау | МЕМСТ 12.2.120-2015 | МЕМСТ 32565-2013 | X | X | X | X | X |
| | БҰҰ қағидалары № 43 (00) (2022 ж. 1 қаңтарға дейін) | БҰҰ қағидалары № 43 (00) (2022 ж. 1 қаңтарға дейін) | X | X | X | X | X |
| | БҰҰ қағидалары № 43 (01) (2022 ж. 1 қаңтардан бастап) | БҰҰ қағидалары № 43 (01) (2022 ж. 1 қаңтарға дейін) | X | X | X | X | X |
| 28. Шолу аймағы | БҰҰ қағидалары № 71 (00) | БҰҰ қағидалары № 71 (00) | (X) | (X) | (X) | X | (X) |
| 29. Артқы жақты көрсету айнасы | техникалық регламентке 5 - қосымшаның 6-тармағы | БҰҰ қағидалары № 46 (02) | (X) | X | X | X | (X) |
| 30. Оператордың орындығы | 4-бөлім (4.3 - тармақшасынан басқа) МЕМСТ 20062-96 | МЕМСТ 20062-96 | (X) | X | X | X | (X) |
| 31. Оператордың жұмыс | | МЕМСТ 12.2.002-91, | (X) | X | X | X | (X) |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| орнындағы дыбыс деңгейі | МЕМСТ 12.2.019-2015 | МЕМСТ 31594-2012 | | | | | |
| 32. Вибрациялық қауіпсіздік | МЕМСТ 12.1.012-2004 | МЕМСТ 31193-2004 | X | X | X | X | X |
| 33. Тракторлардың конструкциясына қойылатын талаптар | техникалық регламентке 5-қосымшаның 13-тармағы | МЕМСТ 12.2.002-91, МЕМСТ ISO 4413-2016 | X | X | X | X | X |
| 34. Қозғалтқышты газ тәрізді отынмен (сығылған табиғи газбен (СТГ), сұйытылған мұнай газымен (СМГ) қоректендіруге арналған жабдық орнату | техникалық регламентке 5-қосымшаның 15-тармағы | МЕМСТ 31972-2013 | (X) | (X) | (X) | (X) | (X) |

Шартты белгіленімдер:

X – талап қолданылады;

(X) – талаптың қолданылуын дайындаушы белгілейді;

SD – талап белгіленбеген;

"–" – талап қолданылмайды.

1) Егер конструкцияда көзделсе.

2) Типтері және тип-мөлшерлері МЕМСТ 32774-2014 белгіленбеген механикалық тарту-тіркеу құрылғылары үшін МЕМСТ 32774-2014 талаптарын растау талап етілмейді.".

12. Көрсетілген техникалық регламентке 5-қосымшада:

а) атауындағы "осы Кеден одағының техникалық регламентіне 4-қосымшаға сәйкес" деген сөздер алып тасталсын;

б) 1.1-тармақшада:

бірінші абзацтағы "5.1-кестеде келтірілген" деген сөздер "дайындаушы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсеткен" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "сондай-ақ" деген сөз алып тасталсын;

5.1-кесте алып тасталсын;

в) 2.1 тармақшаның бірінші сөйлеміндегі "осы Кеден одағының техникалық регламентінің" деген сөздер "Кеден одағының "Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы тракторлары мен олардың тіркемелерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 031/2012)" деген сөздермен ауыстырылсын;

г) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Трактор кабинасының қорғаныш қасиеттері

3.1. Ауыл шаруашылығы тракторларында аударылу кезінде қорғау құрылғылары ( ROPS) болуы тиіс немесе аударылу кезінде қорғау құрылғыларымен жабдықталған кабинамен жабдықталуы тиіс. Құлайтын заттардан қорғау құрылғыларын (FOPS) орнату қажеттілігін дайындаушы трактордың болжамды қолданылу саласына сәйкес айқындайды (рұқсат етілетін қолдану саласы туралы ақпарат пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілуі тиіс).

Орман шаруашылығы тракторлары кабиналармен және аударылу кезіндегі қорғау құрылғыларымен (ROPS), құлайтын заттардан қорғау құрылғыларымен (FOPS) және операторды қорғау құрылғыларымен (OPS) жабдықталуы тиіс.

**3.2. Операторды қорғау құрылғысы**

Ауылшаруашылық және орман шаруашылығы тракторларының құлайтын заттардан қорғайтын құрылғылары (FOPS) МЕМСТ ISO 27850-2016 сәйкес келуге тиіс.

Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы тракторларын аударылудан (ROPS ) қорғау құрылғылары МЕМСТ ISO 3463-2013 немесе МЕМСТ ISO 5700-2013 сәйкес болуға тиіс. Бұл ретте аударылу кезінде қорғау құрылғылары (ROPS) статикалық немесе динамикалық сынақтардан өтеді (сол және басқа сынақтарды жүргізу талап етілмейді).

Орман шаруашылығы тракторларының операторын қорғау құрылғылары (OPS) МЕМСТ ISO 8084-2011 сәйкес келуі тиіс.

3.3. Тракторды мақсаты бойынша пайдалану кезінде оператордың қауіпті заттармен жанасу қаупі болған жағдайда тракторларды кабиналармен жабдықтау ұсынылады. Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде кабинадағы көміртегі тотығының концентрациясы 20 мг/м3 аспауы тиіс.";

д) 6.1-тармақшадағы "БҰҰ ЕЭК қағидаларына № 46 (02)/Қайта қарау 3" деген сөздер "БҰҰ ЕЭК қағидаларына № 46 (02)" деген сөздермен ауыстырылсын;

е) 7-тармақ мынадай мазмұндағы 7.4 және 7.5-тармақшалармен толықтырылсын:

"7.4. Осы тармақтың 7.3-тармақшасында көрсетілген өлшемдерді тракторды дайындаушының оны пайдаланудың болжамды жағдайларына, сондай-ақ пайдалану жөніндегі нұсқаулықта тіркеп сүйреу құрылғысының нақты өлшемдерін міндетті түрде көрсете отырып, трактордың массасы мен габариттеріне қарай өзгертуіне жол беріледі.

7.5. Тіркеп сүйреу құрылғысын қолдану әдісін дайындаушы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетеді.";

ж) 8.1-тармақшада:

8.1.1-тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"ені 2,55 м (тірек бетімен жанасу нүктесіне жақын шиналармен түзілетін шығыңқы жерлерін есепке алмағанда). Т4.2 санатындағы тракторлар үшін трактордың ең үлкен габариттік ені белгіленбейді;";

8.1.2-тармақшаның екінші абзацы "Ra4 санатындағы тіркемелер (жартылай тіркемелер) үшін жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде габариттік енін 3,1 м дейін ұлғайтуға жол беріледі" деген сөздермен толықтырылсын;

з) 9-тармақта:

9.2.1-тармақшада:

төртінші абзацтағы "және нұсқа (болжам) (бар болған кезде)" деген сөздер алып тасталсын;

он екінші абзацтағы "және нұсқа (бар болған кезде)" деген сөздер алып тасталсын;

9.2.2-тармақшаның екінші сөйлеміндегі "осы Кеден одағының техникалық регламентінің" деген сөздер "Кеден одағының "Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы тракторлары мен олардың тіркемелерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентіне (КО ТР 031/2012)" деген сөздермен ауыстырылсын;

9.4.1-тармақшаның бірінші сөйлеміндегі "Кеден одағына мүше мемлекеттің мемлекеттік тілінде (тілдерінде)" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің (бұдан әрі – мүше мемлекет) мемлекеттік тілінде (мемлекеттік тілдерінде)" деген сөздермен ауыстырылсын, "Кеден одағына мүше мемлекеттің (мүше мемлекеттердің) заңнамасында" деген сөздер "мүше мемлекеттің (мүше мемлекеттердің) заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

и) 10-тармақта:

10.1 тармақшаның екінші абзацы мынадай мазмұндағы абзацтармен ауыстырылсын:

"Трактор тіркеме тежегіштерінің пневматикалық және (немесе) гидравликалық жетегімен жабдықталуы тиіс. Т3 санатындағы тракторларға қатысты тіркеме тежегіштерінің механикалық жетегін де қолдануға рұқсат етіледі.

Тежегіштердің пневматикалық және (немесе) гидравликалық жетегімен жабдықталған тракторлар мен тіркемелердің конструкциясында трактор поезының құрамындағы тракторлар мен тіркемелердің көрсетілген тежеу жүйелерін трактор операторының жұмыс орнынан басқарудың бірыңғай органы көзделуі тиіс.";

10.2-тармақшаның бірінші абзацындағы "БҰҰ ЕЭК қағидаларында № 13 (10)/Қайта қарау 6" деген сөздер "БҰҰ қағидаларында № 13 (10) (2022 ж. 1 қаңтарға дейін) немесе БҰҰ қағидаларында № 13 (11) (2022 ж. 1 қаңтардан бастап)" деген сөздермен ауыстырылсын;

10.3.1-тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Екі өткізгішті гидравликалық жетекті қолдануға рұқсат етіледі."

10.3.2-тармақшада:

бірінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Тіркеменің бір өткізгішті пневматикалық жетегін трактордың бір өткізгішті пневматикалық жетегімен қосу үшін орнатуға жол беріледі.";

үшінші абзац алып тасталсын;

к) 11-тармақта:

бірінші абзацтағы "тракторлар" деген сөз алып тасталсын;

11.1-тармақшадағы екінші-төртінші абзацтар мынадай мазмұндағы абзацпен ауыстырылсын:

"Артқы тіркеу белгісін орнатуға арналған орын мөлшерлері мүше мемлекеттерде белгіленген талаптарға сәйкес артқы тіркеу белгісін орнатуды қамтамасыз ететін тегіс тік бет болуы тиіс.";

11.2.1 – 11.2.3-тармақшалардың мәтіні бойынша "трактордың" деген сөз " трактордың (тіркеменің)" деген сөздермен ауыстырылсын;

л)12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Тракторлардың тежегіш жүйелеріне қойылатын талаптар

12.1. Ауыл шаруашылығының дөңгелекті тракторларының тежегіш жүйелері мыналарды қамтамасыз етуге тиіс:

мына формула бойынша есептелген тежеу жолын (суық тежегішті тракторлар үшін) :

$$S_0 \leq 0{,}15V_0 + \frac{V_0^2}{116}$$

,

мұнда S0 – тежеу жолы, м;

V0 – тежеу басталған сәттегі жылдамдық, км/сағ;

тежеу процесіндегі қозғалыстың тура еместігі – 0,5 м артық емес;

тракторды еңісте тоқтату және ұстап тұру – 18 %.

12.2. Орман шаруашылығы доңғалақты тракторларының тежегіш жүйелеріне қойылатын талаптар МЕМСТ ISO 11169-2011 сәйкес келуі тиіс.

12.3. Дөңгелекті тракторлар базасындағы трактор пойыздарының тежеу жүйелері трактор поезын 12% еңісте тоқтатуды және ұстап тұруды қамтамасыз етуі тиіс.

12.4. Орман шаруашылығының шынжыр табанды тракторларының тежегіш жүйелеріне қойылатын талаптар МЕМСТ ISO 11512-2011 сәйкес келуі тиіс.

Сынау кезінде тракторға арналған құжаттар бойынша ауыл шаруашылығының шынжыр табанды тракторларының тежегіш жүйелеріне қойылатын талаптар МЕМСТ 12.2.002.3-91 сәйкес келуі тиіс.";

м) 13-тармақта:

13.1-тармақша алып тасталсын;

13.2-тармақшасының екінші абзацындағы "СТБ ЕН 13478-2006" деген сөздер " МЕМСТ EN 13478-2012" деген сөздермен ауыстырылсын;

13.3-тармақшасының екінші абзацындағы "МЕМСТ 31177-2003" деген сөздер " МЕМСТ ISO 4413-2016" деген сөздермен ауыстырылсын;

13.4-тармақшада:

екінші абзацта:

бірінші сөйлемдегі "қауіптілік" деген сөз "қауіптіліктер" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші сөйлемдегі "МЕМСТ Р 12.4.026-2001" деген сөздер "МЕМСТ 12.4.026-2015" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қыздыру үшін қолайсыз конструкциясы бар тракторлар мен тіркемелерде және олардың құрамдас бөліктерінде көтеру, сақтандыру тізбектерін қосу және домкраттарды орнату кезінде бекітуге арналған құрылғылар немесе орындар болуы тиіс. Сақтандыру тізбектерін бекіту және қосу схемалары тракторда және тіркемеде, сондай-ақ пайдалану нұсқаулығында көрсетілуі тиіс. Шынжыр табанды тракторлар үшін сақтандыру тізбектерін бекіту және қосу сызбаларын тек қана пайдалану жөніндегі басшылықта келтіруге рұқсат етіледі. Домкраттарды орнату және сақтандыру тізбектерін қосу орындары тракторда және тіркемеде МЕМСТ 26336-97 сәйкес символдармен таңбаланады (2.30 "көтеру нүктесі" символы және 2.31 "домкрат қою немесе тіреу нүктесі" символы).";

мынадай мазмұндағы 13.7-тармақшамен толықтырылсын:

"13.7. Тракторлар мен тіркемелердің орнықтылығына қойылатын талаптар

Тракторлар мен тіркемелердің көлденең статикалық орнықтылық бұрышы оларды қолдану санаттары мен шарттарына байланысты белгіленеді:

тракторлар үшін – МЕМСТ 12.2.019-2015 сәйкес;

тіркемелер үшін – МЕМСТ 10000-2017 сәйкес.

Техникалық сипаттамалар нысаны Кеден одағының "Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы тракторлары мен олардың тіркемелерінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентіне (КО ТР 031/2012) 2-қосымшада келтірілген.

Дайындаушы таулы жерлерде немесе таулы жерлерге теңестірілген (төбешікті, биіктіктің ауытқуымен байланысты жердің күрделі ландшафты және т.б.) жағдайларда пайдалануды көздеген тракторлар шекті жол берілетін қисаю (шекті жол берілетін қисаюлар) сигнализаторларымен жабдықталуы тиіс.

Шекті жол берілетін қисаю (шекті жол берілетін қисаюлар) туралы ақпарат тракторды пайдалану жөніндегі нұсқаулықта келтіріледі.";

н) 14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Трактор қозғалтқыштарының пайдаланылған газдарының құрамындағы зиянды заттардың шығарындыларына қойылатын талаптар

14.1. Қысымнан тұтанатын, дизель отынымен жұмыс істейтін қозғалтқыштар

Трактор қозғалтқыштарының пайдаланылған газдарының құрамындағы зиянды заттардың шығарындылары 5.1-кестеде келтірілген мәндерден аспауға тиіс:

D, E1, E2, F, G қуат диапазондары бар қозғалтқыштар үшін – 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін;

H, I, J, K қуат диапазондары бар қозғалтқыштар үшін – 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап.

5.1-кесте

| Қуат диапазоны | Трактор қозғалтқышының пайдалы қуаты (Р), кВт | Көміртегі оксидінің үлестік шығарылымы (CO), г/кВт·с | Көміртегілердің үлестік шығарылымы (HC), г/кВт·с | Азот оксидтерінің үлестік шығарылымы ($NO_x$), г/кВт·с | Қатты бөлшектердің үлестік шығарылымы (PT), г/кВт·с |
|---|---|---|---|---|---|
| E1 | 130 ≤ P ≤ 156 | 3,5 | 1,0 | 6,0 | 0,2 |
| E2 | 156 < P ≤ 560 | 3,5 | (HC + $NO_x$) 4,0 | | 0,2 |
| F | 75 ≤ P < 130 | 5,0 | 1,0 | 6,0 | 0,3 |
| G | 37 ≤ P < 75 | 5,0 | 1,3 | 7,0 | 0,4 |
| D | 19 ≤ P < 37 | 5,5 | 1,5 | 8,0 | 0,8 |
| H | 130 ≤ P ≤ 560 | 3,5 | (HC + $NO_x$) 4,0 | | 0,2 |
| I | 75 ≤ P < 130 | 5,0 | (HC + $NO_x$) 4,0 | | 0,3 |
| J | 37 ≤ P < 75 | 5,0 | (HC + $NO_x$) 4,7 | | 0,4 |
| K | 19 ≤ P < 37 | 5,5 | (HC + $NO_x$) 7,5 | | 0,6 |

Осы тармақшаның төртінші абзацында көзделген талаптарды 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін қолдануға жол беріледі.

14.2. Сығымдалған табиғи газбен (СТГ) немесе сұйытылған мұнай газымен (СМГ) жұмыс істейтін мәжбүрлі от алатын қозғалтқыштар

2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін трактор қозғалтқыштарының пайдаланылған газдарындағы көміртегі оксиді, көмірсутектер және азот оксидтері шығарындыларының мәндері БҰҰ № 96 (02) қағидалары бойынша сынақтар кезінде алынған қозғалтқыш пен тракторға арналған құжаттарда (пайдалану жөніндегі нұсқаулықта) көрсетілген мәндерден аспауы тиіс.

2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап БҰҰ № 96 (02) қағидалары бойынша сынақтар кезінде алынған трактор қозғалтқыштарының пайдаланылған газдарындағы көміртегі

оксиді, көмірсутектер және азот оксидтері шығарындыларының мәндері 5.2-кестеде келтірілген мәндерден аспауы тиіс.

5.2-кесте

| Трактор қозғалтқышының пайдалы қуаты, (Р), кВт | Көміртегі оксидінің үлестік шығарылымы (СО), г/кВт·с | Құрамында метан жоқ көмірсутектер мен азот оксидтерінің жиынтық үлестік шығарылымы (NMHC + NOx), г/кВт·ч\с | Қатты бөлшектердің үлестік шығарылымы (РТ), г/кВт·с |
|---|---|---|---|
| 130 P 560 | 3,5 | 4,0 | Нормаланбайды |
| 75 P < 130 | 5,0 | 4,0 | Нормаланбайды |
| 37 P < 75 | 5,0 | 4,7 | Нормаланбайды |
| 19 P < 37 | 5,0 | 7,5 | Нормаланбайды |

5.2-кестеде келтірілген мәндерді 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін қолдануға жол беріледі.

14.3. Дизель отынымен және сығылған табиғи газбен (СТГ) немесе сұйытылған мұнай газымен (СМГ) жұмыс істейтін, қысымнан тұтанатын қос отындық қозғалтқыштар

2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін трактор қозғалтқыштарының пайдаланылған газдарындағы зиянды заттар шығарындыларының мәндері қозғалтқыш пен тракторға арналған құжаттарда (пайдалану жөніндегі нұсқаулықта) көрсетілген және БҰҰ № 96 (02) қағидалары бойынша сынақтар кезінде алынған мәндерден аспауы тиіс.

2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап БҰҰ № 96 (02) қағидалары бойынша сынақтар кезінде алынған трактор қозғалтқыштарының пайдаланылған газдарындағы зиянды заттар шығарындыларының мәндері 5.3-кестеде келтірілген мәндерден аспауы тиіс.

5.3-кесте

| Трактордың газ-дизелінің қуаты, (Р) кВт | Көміртегі оксидінің үлестік шығарылымы (СО), г/кВт·с | Құрамында метан жоқ көмірсутектерінің үлестік шығарылымы (NMHC), г/кВт·с | Азот оксидтерінің үлестік шығарылымы ($NO_x$), г/кВт·с | Қатты бөлшектердің үлестік шығарылымы (РТ), г/кВт·с |
|---|---|---|---|---|
| 130 ≤ P ≤ 560 | 3,5 | 1,0 | 6,0 | 0,2 |
| 75 ≤ P < 130 | 5,0 | 1,0 | 6,0 | 0,3 |
| 37 ≤ P < 75 | 5,0 | 1,3 | 7,0 | 0,4 |
| 19 ≤ P < 37 | 5,5 | 1,5 | 8,0 | 0,8 |

5.3-кестеде келтірілген мәндерді 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін қолдануға жол беріледі.";

о) мынадай мазмұндағы 15 және 16-тармақтармен толықтырылсын:

"15. Қозғалтқышты газ тәрізді отынмен (сығылған табиғи газбен (СТГ), сұйытылған мұнай газымен (СМГ) қоректендіруге арналған жабдыққа және оны орнатуға қойылатын талаптар

15.1. Тракторларға тек БҰҰ № 67 (01) қағидалары бойынша типін ресми бекітуге қатысты хабарлама негізінде берілген немесе БҰҰ № 110 (00)қағидалары бойынша 1958 жылғы 20 наурызда Женевада жасалған Доңғалақты көлік құралдарына, доңғалақты көлік құралдарында орнатылуы және/немесе пайдаланылуы мүмкін жабдықтау заттары мен бөлшектерге арналған бірыңғай техникалық нұсқамаларды қабылдау туралы және осы нұсқамалардың негізінде берілетін ресми бекітулерді өзара мойындау шарттары туралы келісімге сәйкес берілген сәйкестік сертификаты бар газ-баллон жабдығын ғана орнатуға жол беріледі.

15.1.1. Әрбір газ баллонының Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 18 қарашадағы № 211 шешімімен бекітілген бірыңғай нысан бойынша газ баллонын дайындаушы ресімдеген паспорты болуы тиіс.

15.1.2. Тракторға орнатылған әрбір газ баллонында оның сериялық нөмірі және " СТГ" немесе "СМГ" белгіленімі өшірілмейтін түрде нақты жазылуы тиіс.

15.2. Қозғалтқышты газ тәрізді отынмен (сығылған табиғи газбен (СТГ), сұйытылған мұнай газымен (СМГ) қоректендіру жүйесіне (бұдан әрі – қоректендіру жүйесі), оны орналастыруға және орнатуға қойылатын талаптар

15.2.1. Қоректендіру жүйесінің барлық элементтері тиісті түрде (қатаң) бекітілуі тиіс.

15.2.2. Қоректендіру жүйесі оның зақымданудан барынша мүмкін қорғалуы қамтамасыз етілетіндей етіп орнатылуы тиіс.

15.2.3. Қоректендіру жүйесіне ешқандай құрылғылар қосылмауға тиіс (трактор қозғалтқышының және кабинаны жылыту жүйесінің тиісті жұмысын қамтамасыз ету үшін аса қажет болатын құрылғыларды қоспағанда).

15.2.4. Тракторлар қуат жүйесіне қосылған кабинаны жылыту жүйесімен жабдықталуы мүмкін. Кабинаны жылыту жүйесінің болуы, егер ол өрт қауіпсіз болса және қоректендіру жүйесінің қалыпты жұмыс істеуіне әсер етпесе ғана рұқсат етіледі.

15.2.5. Қоректендіру жүйесінің ешқандай элементі, оның ішінде қоректендіру жүйесі жабдығының бір бөлігі болып табылатын кез келген қорғау құрылғысы ( материалы) трактордың сыртқы габариттерінен шығып тұрмауы тиіс.

15.2.6. Қоректендіру жүйесінің ешқандай элементтері, егер қоректендіру жүйесі жабдығының осындай элементтерінде тиісті жылу қорғау қаптамасы болмаса, қозғалтқыштың пайдаланылған газдарын шығару жүйесінен немесе ұқсас жылу көзінен 100 мм аз қашықтықта орналастырылмауға тиіс.

15.2.7. Қоректендіру жүйесінде жабдықтың мынадай элементтері болуы тиіс:

баллон (баллондар);

манометр немесе отын деңгейін көрсеткіш;

сақтандырғыш құрылғы (белгілі бір температурада іске қосылатын);

баллонннның автоматты клапаны;

қолмен басқарылатын клапан;

қысымды реттегіш;
газ беруді реттегіш;
шектеуші құрылғы;
газ-ауа араластырғыш;
толтыру блогы немесе торабы;
электрондық басқару блогы (электрондық жүйелер үшін);
икемді және қатты отын өткізгіштер;
арматура.

15.2.8. Қосымша автоматты клапан қысым реттегіші бар бір торапта орындалуы мүмкін.

Қосымша автоматты клапан отын құбырына қысым реттегішінен барынша жақын қашықтықта орнатылуы мүмкін.

15.2.9. Баллон баллонды (баллондарды) бекіту тораптарымен жанасуды қоспағанда, металл беттер арасында байланыс болмайтындай етіп орнатылады.

15.2.10. Пайдалануға дайын тракторда газ баллоны мен тірек беті (топырақ) арасындағы қашықтық кемінде 200 мм болуы тиіс.

15.2.11. Автоматты клапан әр баллонға тікелей орнатылады.

Баллонның автоматты клапаны оталдыру кілтінің жағдайына қарамастан қозғалтқышты ажыратқан кезде отын беру тоқтайтындай түрде іске қосылуға және қозғалтқыш жұмыс істемеген кезде жабық күйде қалуға тиіс. Диагностикалық мақсаттар үшін екі секунд кідіріске жол беріледі.

15.2.12. Шектеу құрылғысы отын баллонында (отын баллондарында) баллонның автоматты клапанына орнатылады.

15.2.13. Қол бұрандасы баллонға мықтап бекітіледі және оны автоматты клапанға орнатуға болады.

15.2.14. Қатты отын өткізгіштер тоттанбайтын болаттан немесе тоттануға қарсы жабыны бар болаттан жасалған тұтас тартылған түтіктер түріндегі жіксіз материалдан дайындалуы тиіс.

15.2.15. Қатты және илгіш отын өткізгіштері дірілге немесе сыртқы жүктемелерге ұшырамайтындай етіп бекітілуі тиіс.

Бекіту нүктесінде илгіш немесе қатты отын өткізгіштері металл бөлшектерінің арасында байланыс болмайтындай етіп орнатылуы тиіс.

Қатты және илгіш отын өткізгіштері домкрат қойылатын нүктелер орналасқан жерде орналастырылмауы тиіс.

Ашық учаскелерде отын өткізгіштері қорғаныш материалмен жабылуы тиіс.

15.2.16. Дәнекерленген немесе пісірілген қосылыстарға, сондай-ақ бекіту гайкалары бар бұрандалы қосылыстарға жол берілмейді.

Қосылыстар саны аз болуға тиіс.

Барлық қосылыстар қарап тексеруге болатын жерлерде орналасуға тиіс.

15.2.17. Жанармай құю блогы трактордың сыртқы жағында немесе қозғалтқыш бөлігінде орналасуға тиіс.

Жанармай құю блогын бекіту оның айналу мүмкіндігін болдырмауға және оны кірден және ылғалдан қорғауды қамтамасыз етуге тиіс.

15.2.18. Қоректендіру жүйесінің электр жабдығы артық жүктемелерден қорғалуы тиіс.

Электр қосылыстары мен электр жабдығы элементтерінің конструкциясы электр ұшқынының пайда болу мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

16. Жарықтандыру және жарық сигнализациясы құрылғыларына қойылатын қосымша талаптар

16.1. Тұрақты ашық жарық аспаптарын орнату олардың мақсатына сәйкес келмейтін тіркемелерде кез келген жарық құралдары ашылатындай, соның ішінде қолмен ашылатындай түрде жасалуы мүмкін.

Мұндай жарық аспаптарын пайдалану тәртібі пайдалану жөніндегі нұсқаулықта белгіленеді.

16.2. Қызғылт сары түсті бүйірлік жарық қайтарғыштарды пайдалануға жол беріледі
.

16.3. Мүше мемлекеттің (мүше мемлекеттердің) заңнамасында осы талап болмаған кезде "Баяу жүретін көлік құралы" белгісін орнатпауға жол беріледі.".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК